




Карынъ
елім,
казағым...



АБАЙ



Калын
елім,
казажым...

АБАЙ



АЛМАТЫ
«АТАМУРА»
2002

ББК 84 Каз75

А 13

Жауапты редакторы
КР Ұлттық ғылым академиясының академигі
Зәки Ахметов

Абай

A13 **Калың елім, казагым...** Өлеңдер.— Алматы: Атамұра, 2002. — 224 бет.

ISBN 9965-05-488-6

Ұлттымыздың ұлы перзенті – хакім Абайдың бүл жинағына біршама өлеңдері ірікten алынды. Өз заманынан оза туған ақынның терен ойлары мен асыл сөздері келешек заманаларда да гаунардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері хак.

Калың оқырман кауым Абай сөздері арқылы өз жүргегіне, өз табиғатына тағы бір үніле түседі деп сенеміз.

А 4702250202 – 326 хабарландырусыз, 2002
418(05)–2002

ББК 84 Каз 75

ISBN 9965-05-488-6

© Ахметов З., 2002
©«Атамұра» баспасы, 2002

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!
Саяламай, сай таппай,
Не күн туды басына
Күні-түні жай таппай?
Сен жайына жұргенмен,
Кыз өле ме бай таппай?
Түн кезгенің макұл ма,
Жан-жағына жалтактай?
Өлермін деп жүрмісін,
Мұнан басқа жан таппай?

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!
Сабыр түбі – сары алтын.
Сабыр қылсан, жайынды
Білер ме екен бескатым?
Көніл аулап, сөз айтар
Арадағы тілхатым,
Ағын судай екпіндеп,
Лайы жоқ суатым,
Ауру да емес, сау да емес,
Құрыды әл-куатым.

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!
Сана қылма бекерге.
Сан қылғанмен пайда жоқ,
Дүние даяр өтерге,
А жал даяр жетерге.
Кош, кыз алсын койнына,
Бейнет көрмей, дәulet жоқ.
Әлі барып кетерге,
Оныменен бойына
Иман, дәulet бітер ме?

АБАЙ

Адалды сатсан арамға,
Кұдай кабыл етер ме?
Қыз сүйеді мені деп,
Оған көніл қөтерме!

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!
Сарка берме санасын.
Бәрін өзін білсен де,
Әлі-ақ өзін танасын.
Ортенесін, жанасын.
Өз-өзіннен бейнетке
Өз басынды саласын.
Қай мезгілде тойғыздың
Аюдайын ағасын,
Катыны мен қалашын?
Карсак жортиас қара адыр,
Карамай неге шабасын?
Сонда тәуір бола ма,
Үстап ап біреу сабасын?
Киімінді тонасын,
Елге де құлкі боласын.

Сап, сап, көнілім, сап, көнілім!
Сағынышқа саргайма!
Жай жұрсен де қыз қумай,
Сені біреу қарғай ма?
Қыз іздесен, қалын бер,
Мұным акыл болмай ма?
Көріп алсан көріктіні,
Тандап алсан тектіні,
Сонда да көніл толмай ма?



* * *

Кансонарда бүркітші шығады анға
Тастан тұлқі табылар андығанға.
Жаксы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ынғайлы ықшам киім аншы адамға.
Салан етіп жолықса кайткан ізі,
Сағадан сымпын қагып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздін бетін түзетіп андағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс қозі көріп самғанда.
Төмен ұшсам тұлқі өрлеп құтылар деп,
Қандықөз¹ кайкан қағып шықса аспанға,
Керे тұра қалады қашқан тұлқі
Құтылмасын білген сон күр қашқанға.
Аузын ашып, кокактап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көнілді болса аншылар,
Шабар жерін карамай жығылғанға.
Қырық пышакпен қыржындал тұрган тұлқі,
О лағы осал жау емес қыран панға.
Сегіз найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең танға.
Қанат, құйрық суылдап, ыскырады
Қоқтен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай кан майданға.
Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл канға.
Қар – аппак, бүркіт – кара, тұлқі – қызыл,
Ұқсайды хасса² сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бұлк-бұлк етпей ме сипанғанда,
Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жұзді жасырғанда.
Құйсуі ер, қалындығы сұлу болып,
Және ұксар тар төсекте жолғасканға.

¹ Қандықөз – бүркітті айтады.

² Хасса, каса (арабша) – өте сұлу, кемелге жеткен сұлулық.

АБАЙ

Арт жағынан жауырыны бүлкілдейді,
Кыран бұқтеп астына дәл басқанда.
Құсы да иесіне қоразданар,
Алпыс екі айлалы тұлқі алғанда.
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымындал,
Жасы үлкені жанына байланғанда.
Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың көнілің жайланғанда.
Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарын әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жок,
Ан болады кенесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жок, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.
Көкірегі сезімді, көнілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда.

Ұкпассын үстірт қарап бұлгактасан,
Суретін көре алмассың, көп бақпасан.
Көленкесі түседі көкейіне,
Әр сөзін бір ойланып салмактасан.
Мұны оқыса, жігіттер, аның оқысын,
Біле алмассын құс салып, дәм татпасан.



* * *

Қактаған ак күмістей кең мандағылы,
Аласы аз кара көзі нұр жайнайды.
Жінішке кара қасы сызып койған,
Бір жана ұқсатамын туған айды.
Мандайдан тұра тұсқен қырлы мұрын,
Ақша жұз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Құлқісі бейне бұлбұл құс сайрайды.
Жұп-жұмыр, ак торғындаі мойыны бар,
Үлбіреген тамағын құн шалмайды.
Тактайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма қеудесінде қисаймайды.
Соракы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.
Етіндей жас баланын білегі бар.
Әжімсіз ак саусағы іске ынгайлы.
Колан кара шашы бар жібек талды
Торғындаі толқын ұрып, көз таңдайды.

Қандай қызда ләzzат бар жан татпаған?
Сұлуы бұл заманнын тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен сон,
Алмасы өкпе болар кол батпаған.
Бұлардың кейбірінің мінездері –
Еш нәрсе көрмегенсіп бұртактаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,
Орынсыз адамдармен жыртактаған.
Әуелде сұлу жайы бізге мәлім,
Жігітті жұрт мактаған қыз жактаған.
Кей жігіт мактан үшін қылыш қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сактаған.
Кей жігіт арсыздықпен үятсынбай,
Колы жетпес нәрсеге тыртактаған.

Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бакпаган.
Касиетті болмайды ондай жігіт
Әншейін құр бекерге бұлғактаған.

АБАЙ

* * *

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен сон түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл маҳрұм¹ қалмағыма кім жазалы,
Колымды дәп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Кызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Казакка кара сөзге дес бермедім.
Енбегінді білерлік еш аlam жок,
Тұбінде тыныш жүргенлі теріс көрмедім.

¹ Маҳрұм – бос, күр, бос қалу, күр қалу.

* * *

Картайдық, кайғы ойладық, үйкі сергек,
Ашуын – ашыған у, ойын – кермек.
Мұндаасарға кісі жок сөзді ұғарлық,
Кім көніллі көтеріп, болады ермек?

Жас картаймак, жок тумак, туған өлмек,
Тағдыр жок өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,
Бір құдайдан басқанын бәрі өзгермек.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды женбек,
Өнерсіздін қылғы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылыш қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жұр адал енбек,
Ұрлық, кулыш қылдым деп қагар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мын күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппак, мал таппак, адал жұрмек.
Екеуінін бірі жок, ауыл кезіп,
Не корлық күр қылжанмен күн өткізбек?

Наданға арам – ақылды құлакқа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздін кім білер касиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жокка сенбек.

Қызыл арай¹, ақ күміс, алтын бергек
Қызықты ертегіге көтерілмеск.
Аксакалдын, өкенін, білімдінін
Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек.

Ақылды кара қылды қырыкка бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

¹ Арай (парсыша) – көркем, әдемі.

Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданнын сүйенгені – көпшен дүрмек.

Алашқа іші жау бол, сырты құлмек,
Жақынын тіріде андып, өлсе өкірмек.
Бір-екі жолы болған кісі көрсে,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, кұрады шайтан өрмек,
Періште төмөншікеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбак, кусынбак, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен жаңнан аспак,
Өзімен өзі бір құн болмай ма әлек?

Колдан келе бере ме жұрт менгермек,
Адалдық, арамдықты кім тенгермек?
Мактан үшін қайратсыз болыс болмак,
Иттей кор бол, өзіне сөз келтірмек.



Калың елім, қазағым...

* * *

Картайдық, кайрат кайтты, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрган жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады қүшін сатып,
Мен қазактан кегінді өперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы шар салып¹, леп берем деп.
Жаланқая жат міnez жау алады,
Бермей жұрсен, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесен бұлт берем деп,
Жауына қосылуға сырт берем деп,
Бұзылған сон мен онай табылмаспыш,
Не қылыш онайлықпен ырық берем деп.

Сұм-сұркия – сұмдықпен еп берем деп,
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.
Жұз қарага екі жұз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жыып, мал сойыныз ет берем деп,
Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп.
Қара қарға сықылды шуласар жұрт,
Кім көп берсе, мен соган серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.
Кабаган итше өшігіп шыға келер,
Мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп.

Орыс айтты өзіне ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайлласан, бек көрем деп.

¹ Елу үйдін атынан сайланған елубасылар кішкене тасты (шарды) екі үялы жәшікке салу арқылы болысты сайлауга дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаган.

АБАЙ

Бұзылмаса, оған ел түзелген жок,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп.

Жұрт жүр ғой арамдыкты еп көрем деп,
Токтау айткан кісіні шет көрем деп.
Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Кұдайдын өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала андиды, ағаны — іні,
Ит корлық немене екен сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антүрганның
Айткан сөзі күрсын, шықкан үні.

Алыс-жакын казақтын бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой андып.
Мал мен бактын кеселі үя бұзар,
Паруардигәр жаратқан несін жан қып!

Ант ішіл күнде берген жаны күрсын,
Арын сатып тіленген малы күрсын.
Қыска күнде қырық жерге койма койып,
Ку тілмен қулық сауған заны күрсын.
Бір атқа жұз күбылған жұзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паны күрсын.



* * *

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой күйкентай мен карға сактап.
Қыран шыкса кияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жактап.
Қарқылдап карға қалмас арт жағынан,
Күйкентай үстінде шықылыктап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіш-шығып, ыза қып, ұстапаса,
Қуанар иелері сонда ыржактап.
Не таптық мұныменен деген жан жок,
Тұні бойы құпілдер құсын мактап,
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жок,
Кайран ел осынымен жүр далактап.



* * *

Калын елім, казагым, кайран жұртый,
Ұстарасыз аузына түсті мұртын.
Жақсы менен жаманды айырмадын,
Бірі қан, бірі май бол енді екі үртүн.
Бет бергенде шырайың сондай жаксы.
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртын?
Ұклайсын өз сөзінен басқа сөзді,
Аузымен орак орган өнкей қыртын.
Әзімдікі дей алмай өз малынды,
Құндіз құлқін бұзылды, түнде – үйқын.
Көрсекызар келеді байлауы жок,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртын.
Бас-басына би болған өнкей киқым,
Мінеки бұзған жок па елдің сиқын?
Әздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз колыннан кеткен соң енді өз ырқын.

Ағайын жок нәрседен етер бұртын,
Онын да алған жок па құдай құлқын?
Бірлік жок, береке жок, шын пейіл жок,
Сапырылды байлығын, бакқан жылқын.
Баста ми, колда маға талас қылған,
Күш сынаскан құнdestіk бұзды-ау шырқын.
Оналмай бойда жүрсе осы қыртын,
Әр жерде-ак жазылмай ма, жаным, тырқын?
Қай жеріннен көнілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған сон, мінсе қырқын?
Тиянаксыз, байлаусыз байғұс қылпын,
Не түсер күр құлқіден жыртын-жыртын.
Ұғындыrap кісіге кез келгенде
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?



Калиң елім, қазағым...

Байлар жүр жиған малын корғалатып,
Өз жүзін, онын беріп, алар сатып,
Онын алып, тоқсаннан дәме қылыш,
Бұл жұртты койған жок па құдай атып?
Барып келсе Ертістің сұын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
Әрі-бері айналса аты арыктап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сұм-сұркия, ку, білгіш атанбақка
Құдай құмар қылышты қалжыратып.
Корғаласа, корыкты деп коймаған сон,
Шаптырады қалаға бай да андатып.
Құшті жықпак, бай женбек әүел бастан,
Колға түсер сілесі әбден катып.
Жаны аяулы жақсыға косамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.



* * *

Көнілім кайтты достан да, дүшинаңнан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жакын қазактың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жоллас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға¹ кисайғанда.
Мұнан менін кай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – үрлік-карлық,
Саналы жан көрмедім сөзді үғарлық.
Осы күнде осы елде дәнeme жок
Мейір канып, мәз болып куанаrlық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, құз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде үрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржып, күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Колдан беріп, кор болып, ала алмай жүр.
Ел аулакта құш айтқан, топта танған,
Арсыз жұрттан көнілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұнаймай жүр.
Ала жылан, аш бака күпілдектер
Кісі екен деп ұлыктан ұялмай жүр.

Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,
О дағы ұры-карды тыя алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Карындаас кара жерге тыға алмай жүр,
Бірінін бірі сөзін құп алмай жүр.

¹ Жыға – батырлардың дұлығасының төбесіне қадап коятын зат. Ақын адам басынан баты таюды, басына іс түсуді бейнелеп айткан.

Қалың елім, қазажим...

Күда-тамыр, дос-жаран, катын-балан –
Олар да бір қалынты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арак ішкен, мас болған жұрттың бәрі
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлauғa қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауын – қып-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оналмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен үялмай жүр,
Сұрамсактар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем – борыш, сөз – құлық болғаннан сон,
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?



* * *

Аласканнын алды – жөн, арты – сокпак,
Оларға жөн – арамның сөзін ұқпак.
Кас мангаз, малға беккен кісімсініп,
Әсте жок кеселді істен биттей корыпкап.

Бір аршопке¹ шапаны сондай шап-шак,
Мүшесінен буынып, басады алшак.
Карсы алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымактың құлағы салтак-салтак.

Жаздыгүні ак бөркі бүктемейлі-ак,
Колында бір сабау бар, о дағы аппак.
Керегеге сабауды шашып койып,
Бөркін іліп, карайды жалтак-жалтак.

Қу шалбар құлығына болған айғак,
Тізесін созғылайды қалталанса-ак.
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар,
Құні бойы шешініп, бір т...-ак.

Тірі жанға құрбы бол жап-жасында-ак,
Қалжындармак, қасынбак, ыржандамак.
Бет-аузын сөз сөйлерде жұз құбылтып,
Кас кермек, мойын бұрмак, коразданбак.

Осындай сидан жігіт елде мол-ак,
Бәрі де шаруаға келеді олак.
Сырын түзер біреу жок, сыртын түзеп,
Бар өнері – ку борбай, сымпыс шолак.

Олардын жок ойында малын бакпак,
Адал енбек, мал таппак, жұртқа жақпак.
Жалғызатын терлетіп, ел қыдырып,
Сөлемдеспей, алыстан ыржан какпак.

¹ Аршопке – аршын деген сөзден алынған.

* * *

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Картаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жок,
Дейміз бе еш нәрседен күр калалық.

Бар ойы – өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжын қылып колға алалық.
Кызды ауылға қырындап үйір болса –
Көніліне зор қуаныш бір бадалық¹.

Демендер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсак, мал тапсак, қуаналық.
Кызды сүйсен, бірді-ак сүй, тандап тауып,
Көрсө қызар, күнде асық – диуаналық.

Жастықта бір құлгенің – бір каралық,
Құлқі бакқан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, колдан келсе,
Ен болмаса енбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жұр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, кадір кетер,
Құлқіні онша күйлен, шуламалық.

Уайым – ер корғаны, есі барлық,
Киыны бүл дүниенін – қолы тарлық.
«Ehe-chere» елірме, бозбалалар,
Бүл бес күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсан дағы сан құмарлық,
Алдында уайым көп шошынарлық:
Жарлылық, жалынышты жалтан көздік,
Сүйкімі, икемі жок шалдуарлық.

Әсем салдық өлгеншес кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар токталарлық.

¹ Бада (парсыша) – мактанишылық.

АБАЙ

Үрлік қылар, тентіреп тамақ асырар,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса акыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Калжынбассып өткізген қайран дәурен
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жок сөзді үғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос куардық.
Әйтеуір аксақалдар айтпады деп
Жүрмессін деп, азгана сөз шығардық.



* * *

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.
 Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
 Арзан, жалған құлмейтін, шын құлерлік
 Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тындар үйден шыкканынша,
 Кейбіреу кояр көніл ұққанынша.
 Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
 Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын көнілмен сүйсе екен, кімді сүйсе.
 Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
 Кырмызы, қызыл жібек бозбалалар
 Онғақ пұлдай былгайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалала – талаптылық,
 Әр түрлі өнер, мінез, жаксы қылық.
 Кейбір жігіт жүреді мактан күйлеп,
 Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
 Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз!
 Күншілдіксіз тату бол шын көнілмен,
 Қиянатшыл болмакты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсен басын косын,
 Біріннін бірін сөйле сөзін тосып.
 Бірінді бірін гиззәт¹, күрмет етіс,
 Тұрғандай бейне корқып, жанын шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
 Онын қадірін жетесіз адам білмес.
 Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
 Артыннан бір ауыз сөз айтып құлмес.

Құйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
 Салынсан, салдуарлық қадір қоймас.

¹ Гиззәт, гиззат (арабика) – қадір, сый.

АБАЙ

Ер жігіт таңдап тауып, еппен жұрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бәс.

Біреуді көркі бар деп жаксы көрме,
Ланылдақ көрсексызар нәпсіге ерме!
Әйел жаксы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көніл берме!

Көп жүрмес женсіккойлық, әлі-ак тозар,
Жанғырап женсіккүмар, жатқа козар.
Күнде көрген бір беттен көніл кайтар.
Қылт еткізбес қылышты тамырши озар.

Толқынын жүрегіннін хаттай таныр,
Бұлк еткізбес қалайша сокса тамыр.
Жар көніліне бір жанын пила қылып,
Білместігін бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Кобі көвшіл келеді ондай қанышық.
Бетім барла бетіме кім шыдар деп,
Кімі панау келеді, кімі – тантых.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас катын зерек.
Салак, олак, ойнашы, керім-кербез,
Жыртан-тыртан қызылдан шығады ерек.

Катының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Коржан, сұық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, катыны мінезді боп,
Тату болса,райыс¹ үстіндегі үй.

Жок болса катыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінң еш кесегі.
Майыскан, бейне гүллей толықсыған,
Кем емес алтын тактан жар төсегі.

¹ Райыс (арабша) – рахат деген мағынада.

Қалиң елім, қазағым...

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп күмарланба.
Ары бар, акылы бар, ұтыы бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіне тату құрбын келсе кіріп,
Сазданбасын қабакпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын қөнілі таза жүріп.

Құрбының тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып, сөз айтқанда
Қатынында болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүгін тату, сртен бату,
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жок, киянат жок,
Кажымас, қайта айнымас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Енбекпен терін сатып түзден жимас.
Меліш¹ сауда сықылды құлқі сатып,
Алса коймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс –
Тірі жаннын қылғаны бүгін тегіс.
Бірі қейтке² таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласкан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.
Бірін бірі құшактап шуылласып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.

¹ Меліш (орысша) – мелочь, ұсак-түйек.

² Қейт – асық ойынында қарыз алу. Ұтылтын қалса, койт болып, ойыннан күллады.

АБАЙ

Татулығы құрысын ойыны мен,
Дәл соларға үксайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіне ор,
Оған сенсен, бір күні боларсын кор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады иығы да зор.

Казактың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жок тұрса бес бересі, алты аласы.



* * *

Патша құдай, сиындым
Тура баста өзіне.
Жау жағадан алғанда
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Танырқаған сөзіме.
Қайран сөзім кор болды
Тобықтынын езіне.
Самородный¹ сары алтын,
Саудасыз берсен алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырысыз сары камқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанын бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе,
Керден мойын кесілссе,
Келмей кетпес кезіне.
О да — құдай пендесі,
Түспей кетер деймісін,
Тәнірінін құрган тезіне?

¹ Самородный (орысша) — таза, коспасыз деген мағынада.

АБАЙ

Базарға, карап тұрсам, әркім баар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алалы, біреу – маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар.
Сомалап ақиасына соナン алар.
Біреу үқпас бұл сөзді, біреу үғар,
Багасын пайым қылмай ан-тан қалар.
Сөзді үғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпак жұртқа бірдей жағар.
Жазған сон жерде қалмас тесік моншак,
Біреуден біреу алып, елге тараар.
Бір кісі емес жазғаным, жалпак жұрт кой,
Шамланбай-ақ, шырактар, үксан жаар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сөулесі бар жігіттер бір ойланар.



* * *

Интернатта оқып жұр
Талай казак баласы –
Жана өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жок олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение¹ жазуга,
Тырысар келсе шамасы.
Ынсансызға не керек
Істің ак пен карасы?
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждиһатсыз², михнатсыз
Табылmas ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп казакқа епсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сүм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват³ –
Я Семейдің каласы?
Я казактын аласы?
Ойында жок бірінін
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көнілінде жок санасы.
Ақылы кімнін бар болса,
Демес мұны тілі аши.
Айтынышы, болсаныз

¹ Прошение (орысша) – арыз, өтініш.

² Иждиһат (арабша) – талап, жігер.

³ Виноват (орысша) – кінәлі, айынты.

Здравомыслящий¹,
Ақыл айтпай ма агасы?

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Воинный² қызмет іздемес,
Окалы киім киүге.
Бос мактанга салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Калай сабыр қыласын,
Жазықсыз күнде сөгүге?
Өнерсіздін қылығы –
Тура сөзін айта алмай,
Кит етуге бата алмай,
Корлыкпенен шіруге.
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып.
Жол таба алмай жүргүе.
Алыс та болса іздеп тан,
Кореннойға³ кіруге,
«Талапты ерге нұр жауар»,
Жүріп өмір сұруге.
Я байларға қызмет қыл,
Ерінбей шауып желуге.
Адал жүріп, адал тұр,
Счетын⁴ тура келуге.
Жанына жакса, сонынан
Жалқауланба еруге.
Кисық болса, закон бар
Судьяға беруге.
Ол да оязной емес кой,
Алуға тендік сенуге.
Я өз бетінмен тәуекел,
Занимайся прямотой⁵.
Женіл көрме, бес керек
Оған да ғылым, оған да ой,
Калайынша қайда енуге?

¹ Здравомыслящий (орысша) – зерек, әр істі ақылмен ойлан шешетін адам.

² Воинный (орысша) – әскери.

³ Коренной (орысша) – ежелгі, негізгі, тұракты. Бұл жерде істін ен орындысын табу деген мағынада.

⁴ Счет (орысша) – ессең.

⁵ Занимайся прямотой (орысша) – турашыл, батыл бол деген мағынада.

* * *

Ғылым таппай мактанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланаң шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен кашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз.
Тілеуін, өмірін алдында,
Оған кайғы жесеніз.
Өсек, отірік, мактаншак,
Еріншек, бекер мал шашпак –
Бес дүшпаның, білсеніз.
Талап, енбек, терен ой,
Қанағат, ракым, ойлап кой –
Бес асыл іс, көнсеніз.
Жамандық көрсөн нәфрәтлі¹,
Суытып көніл тыйсаныз.
Жақсылық көрсөн гибрәтлі²,
Оны ойға жисаныз.
Ғалым болмай немене,
Балалыкты кисаныз?
Болмасан да ұқсап бак,
Бір ғалымды көрсөніз.
Ондай болмақ кайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеніз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеніз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көніл берссөніз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеніз.
Ақыл сенбей сенбеніз,
Бір іске кез келсеніз.
Аксакал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты –
Ақылменен женсеніз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеніз.

¹ Нәфрәтлі (арабша) – жиіркенішті.

² Гибрәтлі (арабша) – ұлғілі, өнегелі.

Аят, хадис емес кой,
Күпір¹ болдың демес кой,
Қанша карсы келсеніз.
Көп орында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеніз.

Мұны жазған кісінін
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дұлдұл.
Сөз мәнісін білсеніз,
Ақыл — мизан², өлшеу кыл.
Егер қызық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер тұзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлакқа іл.
Ақымак көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі пұл.
Жакынның сөзі тәтті деп,
Жакынның айтты дей көрме.
Надандыкпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.
Сізге айтамын, хаупім — бұл.
Өзін үшін үйренсөн,
Жамандыктан жиренсөн,
Ашыларсын жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсөн,
Біреу білмес, сен білсан,
Білгеніннің бәрі — тұл.
Сөзіне карай кісіні ал,
Кісігে караң сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл —
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көніл — гүл.

¹ Күпір (арабша) — диниен шыну.

² Мизан (арабша) — таразы.

Қалиң елім, қазағым...

* * *

Шокпардай кекілі бар, камыс құлак,
Қой мойынды, коян жақ, бөкен қабак.
Ауыз омыртқа шығынкы, майда жалды,
Ой желке, үнірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бұркіттей салкы төсті.

Жуан, такыр бақайлы, жұмыр түяқ,
Шынтағы қабырғалан тұрса аулак.
Жерсогарлы, сінірлі, аяғы тік,
Жауырыны етсіз, жалпак тектайдай-ак.

Кен сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Құлте күйрық, қыл тұбі әлді келіп,
Қөтендігі шығынкы, аламайлы.

Үршығы төмен біткен, шақпак етті,
Өзі санды, дөнгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтак, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жұрсек.
Екі көзін төнкеріп, қабырғалап,
Белдеуге тыныш тұрса, байладап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жұрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындаіт мінбесем.

Аяны тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапкан атка жеткізбес бөкен желіс,
Ыңза қылдын колыма бір тигізбей.

ЖАЗ

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл конғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындан,
Күйрігымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, каз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Кыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сынқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көnlі жаксы жайланаپ,
Бай да келер ауылға,
Аяншылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кенесіп, құліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін
Ет өпер деп қынқылдап.
Көленке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бүркылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындаи анқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Эрине деп макұлдан.

Ақ көйлекті, таякты
Аксакал шығар бір шеттен
Малынды әрі қайтар деп,
Малышыларға қанқылдан.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып кымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдан.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп тенселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Танертеннен салпылдан.
Мылтық аткан, құс салған
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалан қутындал.
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде
Каз сыпырса жарқылдан.
Әткен күннін бәрі үмыт,
Колдан келер қайрат жок,
Баганағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі
Кошемет қылып карқылдан.



* * *

(*КӨКБАЙҒА*)

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Ол жыламай қайтып тұрады,
Мынау азған кү заман
Калыбында тұрмайды.
Біреу малды үрлайды,
Біреу басты корлайды,
...болмаган сон
Жылауына зорлайды.



* * *

(*КӨЖЕКБАЙҒА*)

Жамантайдын баласы Көжек деген,
Эркімге өсек тасыпbezектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген.



* * *

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Откіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мактанды қалдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп нағандар өзінے тартар бейім.
Арылмас әдет болды құлқішілдік,
Ыржан-қылжан ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жириңіп, жылмандақты демес бұрыс.
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай.
Адамдықты жоғалтар акыр бұл іс.

Сенімі жок серменде¹ сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт етпеге қөнілдің кешуі жок,
Жүргінде жатады өкпе сзызы.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
Косылған босаспайды жүрек жіті.
Біздін доспыз, асықпиз дегеніміз –
Жалғандықтан жасалған қөніл жүгі.

Сеніскең досым да жок, асығым да,
Ақыры өлен қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді
Кірлемеген қөнілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – қеннін² бірі,
Мұндасканда қалмайды қөніл кірі.

¹ Серменде – сенделеп босқа жүрген адам. Парсының шаірбант деген сөзинен шыккан.

² Қен (арабша) – кен, кеніш (рудник). Ауыспалы мағынада: мейірімділік бастауы, кайырымдылық, ізгілік; негізгі мағынасында Құдайдың әпитеті.

Қалиң елім, Қазағым...

Колдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындаі наданнын жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоктайды күніреніп, козғалып кан.
Жау жабылса бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан.



* * *

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсекызыар, жалмауыз,
Сорлы казак сол үшін
Алты бақан ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жакының жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Кой дегенге тіл алмай,
Іс кылмай ма ол кісі?
Бір-ак секіріп шығам деп,
Бір-ак ырғып түсем деп,
Мертігелі, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.
Бұл нең десе біреуге
Жок нәрссені шатады.
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса онысы,
Аударылып конысы,
Алыстан дәм татады.
Кызмет қылышп мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып ас ішін,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы
Үйде жарап, катады.

Енбегі жок, еркесін,
Бір шолакпен серкесіп,
Пысық деген ант шықты.
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жұз күбылған салт шықты.
Пысық кім деп сұрасан –

Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жок,
Шаруаға қыры жок,
Өтірік, өсек мактанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «ку».
Құ нәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтаққа
Арак ішпей мас болса.
Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жазады.
Үйде отырса салбырап,
Тұзге шыкса албырап,
Кісіні көрсө қылжандап,
Қалжыншылсып ыржандап,
Өз үйінде кипандап,
Кісі үйінде күй тандап.
Ақылы бар кісіні
Ғайбаттайды, даттайды.
Аукаты бар туғанды
Қайырсыз ит деп жаттайды.

Мал мен бактын дүшпаны,
Кеселді пысық қөбейді,
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Құ тілменен құтыртып,
Кетер бір күн отыртып,
Қызмет қылған кісін
Құрытуға таяйды.
Қылып жүрген өнері:
Харекеті – әрекет.
Өзі онбаган антүрган
Кімге ойлайды берекет?
Кімді ұялып аяйды?

Расы жок сөзінің,
Ырысы жок өзінің,
Өнкей жалған мактанмен
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жок,
Айтылмай сөзім қалған жок,
Абайланыз, байқаныз –
Елдің жайы солай-ды.



* * *

Бөтөн елде бар болса
Ежеттесін, сыйласын,
Сыбырлас, сырлас көп болған
Көптен тату кимасын,
Басына жұмыс түскен күн
Татулыкты бұрынғы
Не қылыш ол ойласын?
Ашып берер жауына
Өзі көрген коймасын.

Желіккен жауға кез болса,
Араздығы сөз болса,
«Бәрекелі батыр» деп,
«Мықты боп бара жатыр» деп,
Мактап-мактап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жок ант ішип,
Аруак, құдай айттысып,
Сыр алгалы айттым деп,
Жауынды алдаң қайттым деп,
Құдайдан корықпай, антүрган
Иман жүзін тоздырар.
Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досынмын деп жүріп,
Дүспандығын оздырар.
Алладайды деп жауына,
Ел тарттырмай баурына,
Көрінгенді азғырар.

Кеселді болып бітеді
Жаксыға біткен жакындар.
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей такымдар.
Үйде отырып ескенде
Бәрі шешен какылдар.
Аулакка шығып біріне
Бірі сөзін макұлдар.
Жау көп болса басында,
Бірі қалмас касында,

АБАЙ

Жетектесен, табандар.
Далаға шығып өзінді
Жаудан бетер жамандар.
Жалбарынып күн көріп,
Жакынын сатып, жөн көріп,
Қалтан-құлтан амалдар.

Тұысканға кекшілі
Жас баладан бетер-ді,
Ойлау да жок, білу жок
Келер менен кетерді.
Жакынға еріп, мал салмай,
Жауды көріп, жан салмай,
Қайдан ғана біледі
Ауыр менен женилдін
Арасымен өтерді?
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуел сонан есітесің
«Ат үстінен көтерді».
Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сөз болса,
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден
Кіржіндеп жүріп кекерді.

Оңалып егер алдыныз,
Әр жерден-ак көбейер
А жарлыныз, малдыныз.
Пәленшені ұрам деп,
Түгеншешін кырам деп,
Таршылықта кайрандал,
Кеншілікте ойрандал,
Көп батырга калдыныз.
Егер тілін алсаныз,
Бірі калмас кісіден.
Егер тілін алмасаң,
Бықсып шіріп ішінен.
Әркімде-ак бар ғой туыскан,
Кайсысы жауды күйскан?

Күн жауғанда койнында,
Күн ашықта мойнында,
Арылмас міндет болған сон,
Әркімнің көнілі сұйыскан.

Жақсыға біткен ағайын
Өз үйінде кезексіз
Шешен келер сартылдан.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас калтылдап.
Қалжынға келер шорқактау,
Жауға келер корқактау,
Еркін жерде ызакор.
Томырық келер тарқылдап.
Әдеппенен тамылжып,
Мінезі тәтті болмайды,
Сасық пандая келеді,
Қырт, мактаншак онбайды,
Кісімсініп жалпылдап.
Біреуге өктем іс қылса,
Өз күшім деп ойлайды.
Егер күші жүрмесе,
Бағанағы жаксының
Қылғаны деп коймайды.
Жат айбынар ісі жок,
Жау айдынар күші жок,
Өз еркіне жіберсен,
Еш нәрсеге тоймайды.

Қалжыны – теріс, сөзі – ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді.
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс.
Сондай кесел туыскан
Қай жерінен болады
Көнілге медеу, ол тыныс?
Жалығуды пәледен
Жұрт ұмытты біржола.
Шыныменен тамам ел
Кете ме екен ит бола?

АБАЙ

Ішкені мас, жеген ток,
Уайым айтар біреу жок.
Тым болмаса болмады
«Бұлт ала, жер шола».

Келелі кенес жоғалды,
Ел сыйырды қолға алды.
Ел ішінде бітімші
Түгел алып қайтпайды
Сұрай келген бір малды.
Ел жамаған билер жок.
Ел қызырып сандалды.
Астыртын барып жолғаскан,
Акша беріп жалғаскан,
Акысын өрен сол алды.

Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Ку старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шакырған кісі бармайды.
Бітім қылып бір кісі
Адал малын алмайды.
Қызығы кеткен ел бағып,
Кисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Құнде ертенге талмайды.

Бас косылса арыска,
Кім шабады намыска?
Жатқа қарап беті жок,
Жалынбай тұрар к... жок,
Ісі кетер шалыска.
Ел бүлігі Тобықты
Көп пысыкка молықты.
Малдынын малын көре алмай,
Борышын түгел бере алмай,
Көрінгенге обықты.
Қазактың малын сапырып,

Қалың елім, қазағым...

Көп бәлеге шатылып,
Кесепатқа жолыкты.
Өзінен шықкан жаксылар
Түзей алмай зорыкты.
Бәтін елдің адамы,
Тынбаған сон арамы,
Көнілі әбден торыкты.

Саудагер кашты бұл елден,
Несиесін жия алмай.
Бұралқылар сандалды,
Жуандарға сыя алмай.
Сенімсіз болды алашқа,
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жок, анты бар,
Ел нұскасы кетті гой,
Елмін деген салты бар,
Әлі күнге уайым
Кылған жан жок, үялмай.



Өлең – сөздін патшасы, сөз сарасы,
Киыннан киыстырар ер данасы.
Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бәтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тындаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят¹, хәдис² – сөздін басы,
Косарлы бәйіт сымал³ келді арасы.
Кисынмен кызыкты болмаса сөз,
Неге айтын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің күтпә⁴ оқыған ғұламасы,
Мұнәжәт⁵ үәлилердің⁶ зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне киыстыр
Әрбірі келгендінше өз шамасы.

Өленге әркімнің-ак бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жаксысын
Қазактың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлап,
Макалдан айтады екен, сөз косарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоктан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мактау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлемменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

¹ Аят (арабша) – құран сөзі.

² Хәдис (арабша) – Мұхаммед найғамбардың сөзі.

³ Бәйіт (арабша) – өлең. «Бәйіт сымал» – өлең секіллі.

⁴ Күтпә, хотбә (арабша) – уағыз оқу, сөйлеу магынасында.

⁵ Мұнәжәт, монежат (арабша) – Аллаға жалбарыну, мактау сөз айту.

⁶ Үәли (арабша) – әулие, пайғамбар.

Мал үшін тілін беゼп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдаپ, біреуді арбап.
Жат елде қайырышылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мактар күдай қарғап.

Қайда бай мактаншакқа барған тандап,
Жиса да бай болмапты канша малды ап,
Казакка өлен деген бір кадірсіз,
Былжырак көрінеді солар даңдак.

Ескі бише отырман бос макалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тындауши, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін құн өткізбек әнгімеге
Тындар едін әр сөзін мынға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көнгенім-ак соган деп жұр табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жұр алар жердің ебін камдап.
Мактан қуған, малқұмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыннан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-карлап,
Кусын десе, қуанып жұр алшаңдап.
Какса-сокса бір пайда түссе ме деп,
Елдін байын еліртіп «жау мұндалап».

Ыңсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терен ой, терен ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.



* * *

Біреудің кісісі өлсе, каралы ол,
Қаза көрген жүрегі – жаралы ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге өнгө салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жүрт ыржанышыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өленсіз солар қызық бола ма ғұл?

Бала туса, күзетер шілдехана,
Олар да өлең айттар шулап жана.
Бұрынғы жаксылардан өрнек қалған,
Биле такпак, макал бар, байқап кара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өленмен жер койнына кірер денен.
Өмірдегі қызығын бәрі өлеңмен,
Ойлансаншы, бос какпай слен-селен.

Өленді айтпак түгіл, ұға алмайсын,
Айтсан да, ұдасынан¹ шыға алмайсын.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сірепін, күп алмайсын?

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз косарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны ток хасса² надан үқпас сөзді,
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.
Қадірін жаксы сөздің білер жанга
Таппай айтпа оған да айттар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нен кетеді жаксы өлең сөз айтқаннан?

¹ Ұдда (арабша) – шек, шегі деген сөз. Бұл арада ауысналы мағынада. Яғни шегіне жетер, жеріне жеткізу деген ұғымда колданылған.

Сүйсінерлік адамды күрмет қыл,
Аулак бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ак,
Ондай жерде сөз айтып болма мазак.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауга жоқ кой казак.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.
Әттен дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ак көрінеу түр-ая!

Максұтым – тіл ұстартып, өнер шашпак,
Наданның көзін қойып, көнілін ашпак.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ак.

² Ҳасса (арабша) – бір нәрсеге не бір кісіге ғана тән нағыз ерекшелік сипат мағынасында.

КҮЗ

Сұр бұлт тұсі сүк қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тонғаны ма,
Жылқы ойнап, бие кашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жок бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Кайыршы шал-кемпірдей тұсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, курай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне ііртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ак шомшы¹ жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсен де жабырқанқы,
Құлқі-оыйн көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржан қағып, бала бұрсен,
Көнілсіз кара сүк қырда жүрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген сон,
Үйде ит жок, тышкан аулап, қайда көрсен.

Күзеу тозған, оты жок елдін маңы,
Тұман болар жел сокса, шан-тозаны.
От жакпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан корықкан казактың құрысын заны.

¹ Астық екпеген ел баска елге түйемен барып астық алып қайтады, сонда түйе бос баралы да, шом арталы.

* * *

Караша, желтоксан мен сол бір-екі ай –
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Үктырмамен күзеуде отырад бай.

Кедейдін өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жок ұзбей жағып.
Тонған ін жылтырып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бұрсен қағып.

Жас балаға от та жок тұрған маздалап,
Талтайып қактана алмай, өле жаздалап.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қыын,
Бір жағынан қысканда жел де азынац.

Көрі кой спеп сойған байдын үйі,
Қай жерінде кедейдін тұрсын қүйі?
Кара қидан орта кап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Кар жауса да, тонбайды бай баласы.
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздін жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Үк жағынан сол үйдін ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

Әкесі мен шешесі баланы андыр.
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан үялып өншен жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.

АБАЙ

Байда мейір, жалышыда пейіл де жок,
Аңдыстырган екеуін құдайым-ай!

Алса да аяншактау кедей сорлы,
Енбек білмес байдын да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сакта, тас болма сен де о құрлы.



ҚЫС

Ак киімді, денелі, ак сакалды,
Соқыр, мылкау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ак қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырладап, келіп қалды.
Дем алысы – ұскірік, аяз бен кар
Кәрі күдан – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай¹ бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызырып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, кар жауып, мазанды алды.
Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ак орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар
Беті-колы домбырып, ұсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет карауға шыдамай теріс айналды.
Кар тепкенге қажымас қайран жылкы
Титығы құруына аз-ак қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр.
Малшыларым, кор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, құзетіндер,
Үйкы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Кондыбай, Қанай² жесін,
Құр жібер мына антүрган кәрі шалды.

¹ Ұшпа – шок-шок болып жөңкіген бұлт.

² Кондыбай, Қанай – ру аттарымен аталағын, жерінің шөбін жылкыға жалдайтын ауылдар.

(КҮЛЕМБАЙҒА)

Уағалайкүмүссәләм,
Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың
Аума-төкпе заманда.
Ел билеген адам жок
Ата менен бабанды.
Болыстықтан пайдың кып,
Шығыныңды алсан жаман ба?
Қалжындаймын әншейін,
Оған келе де бермес шаман да.

Орныннан тұра шабасын,
Атшабар келсе қышқырып.
Ояз келсе қайтер ен,
Айдаһардай ыскырып?
Отырасын үйінде
Өз-өзіннен күш кіріп,
Босқа-ак түсіп қаларсын
Біреу кетсе үшкіріп!..



(КӨКБАЙҒА)

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Кисайта тартып мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгендіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.

Керенау, керден, бір керім,
Жақпайды маған сол жерін.



* * *

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терен сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жанғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтакка.
Келмеп пе едін жол тосып
Жолығуға аулакқа?

Тайманда май тамылжып,
Бір сұнырып, бір ысып,
Дем ала алмай ламыл қып,
Елен қағып, бос шонып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дұрсіл қағып жүрегі,
Тұрманп па еді сүйеніп,
Тамакқа кіріп иегі?



* * *

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертен жау,
Мен не кылдым, япымдау?!
Өз үйінде өзендей
Күркірейді, айтса дау.
Кісі алдында кірбенде,
Шабан, шардақ және шау.
Мұндай ма едің ана күн,
Мұнын қалай, батыр-ау?
Үш күн аркан босаса,
Бола қалдын бас асаяу.
Жан қысылса, жайтаңдалап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсін жабыркай?
Ұрлық пenen құлыкка
Байлағанда, кестін бау.
Берерменде бесеусін,
Аларманда және алтау.
Топ болғанда көресін
Түрлі дауды жүз тарау.
Аяғында сендейлер
Көрмей жүр ме ханталау?
Қайта кірер есікті
Катты серіппе, жаркын-ау!
Жетілсен де, жетсен де
Керек күні бір бар-ау.



* * *

Болыс болым, мінеки,
Бар малымды шығындал.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындал.
Сүйтсе дағы елімді
Үстай алмадым мығымдал.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындал.
Әлсіздін сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындал.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдал.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындал.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілден:
«Ояз шыкты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілден.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лұпілден.
Тың түяқ күнім, сүйтсе де,
Қарбандалым өкімден.
Старшын, биді жигыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп.
«Ат жарамды, үй жаксы
Болсын, бәрін күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілден:
«Құдай қосса, жұртымнын
Актармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттысып, камкорсып,
Сайманымды бүтіндеп.

Онашада оязға
Мактамаймын елімді,
Өз сліме айтамын:
«Бергем жок, — деп, — белімді».
Мактанаамын кісімсіп,

Оязға сөзім сенімді.
Көрсеттім деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мактанның к... көрінді.

Қазакты жеген кайратты «ер»
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы женілді.
Алқыны қүшті асаулар
Ноктаға басы керілді.
Үлкен-кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді.
Кайрауы жеткен қатты би
Кайрылып нетсін көнілді.
Өз малым деп койған мал
Иесіне берілді.
Ақылы жандар қамалап,
Кептірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейлі,
Болыстың к... шөмейді,
Қайтсін байғұс демейлі,
Бір кептірмей терімді.

Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдалап.
Етек кеткен жайылып
Ат к... жалпылдалап.
Оязға жетсін деген боп,
Боктап жүрмін барқылдалап.
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті бартылдалап.
Пысықтың көбі бұғып жур,
Беттесе алмай шанқыллап.
Ашылып омырау, күн ыстық,
Койын кетті алқылдалап.
Елі жөнді болыстар
Мактанип жүр тарқылдалап.
Құлқісі жаксы каркылдалап,

Үні бөлек сартылдап.
Сөйлесе кетсө бір жерде,
Ағыны катты анқылдала.
Оязға кірсе, өзгеден
Мерейі үстем жарқылдан.
Елің бұзық болған сон,
Ояз жатыр шартылдап.
Табаныннан тозасын,
Күр жүтіріп тарпылдап.

Антүрганмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін
Көрсем дағы, күтпеймін.
Сыяздан сон елімді
Кысып алып кетпеймін.
Әуелде к... бос кәпір,
Мыктыға нे қып беттеймін?
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылышты
Ояз жокта етпеймін.
Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріп етпеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзакынын бұлғін
«Жаксы ақыл» деп, «құп» деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын, білемін –
Болыстықтын жолы тар.
Қайтіп көмек болады
Антүрган өңкей ұры-қар?
Көргенім әлті, ойлашы,
Ұят, намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,

Түсे ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.
Ақыл айтар туғандар,
Бұл сөзімді ойландар.
Кәтелешке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау еллі ұстарлық
Кісі емеспін, кел, күткәр!
Колдан келмес корлыққа
Неге болдым мұнша інкәр?
Ел жайылды, жетпей ме
Оязға да бір хабар?
Тағы бүйтіп кеттін деп
Қозғау салар, колға алар.
Қатты қысым қылған сон,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып тұскен сон,
Көрген күнім не болар?
Әзіне мәлім, тентектер
Әз бетімен не табар?
Қағаз берер, карманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жок,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына карайды.
Әз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысынды санайды.
Әзі залым закұншік
Танып алды талайды,
Көрмей тұрып құсамын
Темір көзді сарайды.



* * *

Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген – білген-ак,
Надан – надан-ак сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ак көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер кайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсандар,
Таңырқап тұра қалсандар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл жок, кайғы жок онда.
Ісі жок – теріс пе, он ба?
Тіленіп, телміріп ізденер.
Тиын ба, яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме жынды сөзденіп.
Жасынан үлгісіз шіркін
Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ак құлғаш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, онбаған шерміш.

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балан,
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін калап.



* * *

Мәз болады болысын
Арқага ұлық какканға.
Шелтірейтіп орысын,
Шенді шекпен жапканға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылышы жакқанға?
Оқалы тон тола ма
Ар-ұжтын сатқанға?!

Құлмен қағып қасқайып,
Салынып ал мактанға.
Тан қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, кой сойды
Сүйіншіге шапканға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес жұбанар
Ақыл көзбен бакканға.
Жас баладай қуанаар
Бір дәмдіні татқанға.

Көзі барлар ойынын
Құлдер к...ін ашканға,
Қасиетін бойынын
Бекер төгіп шашқанға.

Куанарлық қызы емес
Жылтырауық тақканға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қакланға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?

Миын болса жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, онбассын,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасық, жаман болмассын,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ак» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елен қағып елбірер,
Елертің көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқанын,
Тұрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқанын
Кеселі көп асканға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп аскан жолығар
Кешікпей-ак тосқанға.



* * *

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Жүргегі – айна, көнілі – ояу,
Сөз тында мас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Үкпасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елермес
Сөзге жуық келер ме?
Тұзу сөзге сенер ме
Тұзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшылап» жалынар,
Үккыш жансып шабынар.
Үкпай жатып жалығар,
Үйқылы-ояу бойкүйе з.

Жас баладай женсіккей,
Байлаулы емес ақыл, ой.
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржан-қылжан ит мінез.

Сұлу қызың мен я батыр
Болмаған сон, тәнірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл – арам без.

Жаксыға айтсан, жаны еріп,
Үғар көніл шын беріп,
Дерпті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәнір-айшыл» кер есек,
Құлық, сұмдық не өсек
Болмаған сон, бір есеп –
Мейілі камқа, мейілі бөз.

СЕГІЗ АЯК

Алыстан сермеп,
Жүректен тербен,
Шымырлап бойға жайылған;
Киуадан шауып,
Кисынын тауып,
Татыны жетіп кайырган –
 Толғауы токсан қызыл тіл,
 Сөйлеймін десен өзің біл.

Откірдін жұзі,
Кестенін бізі
Әрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра¹ ала алмас.
 Қиналма бекер, тіл мен жак,
 Көнілсіз құлақ – ойға олак.

Басында ми жок,
Өзінде ой жоқ,
Құлқішіл керден наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.
 Бойда қайрат, ойда көз
 Болмаган сон, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насиҳат бергенде,
 Ұятсыз, арсыз салтынан,
 Қалғып кетер артынан.

Аулакка шықпай,
Сыбырлап бұқпай,

¹ Бәһра (парсыша) – пайда, білімнен үлес.

Мейірленбес еш сөзге.

Пайдасыз тақыл —

Байлаусыз ақыл,

Атадан бала ойы өзге.

Санаңыз, ойсыз, жарым ес,

Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,

Ыскыртса кесек,

Күмардан әбден шыкканы.

Құпілдек мактан,

Табытын қаққан¹ —

Аңдығаны, бакқаны.

Ұйнап, ұят, терен ой

Ойлаған жан жок, жауып кой.

Болмасын кекшіл,

Болсайшы қөпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл.

Орынсыз ыржан,

Болымсыз қылжан

Бола ма дәulet, нәсіп бұл?

Еңбек қылсан ерінбей —

Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойланп, мал ізде.

Адал бол — бай тап,

Адам бол — мал тап,

Қуансаң қуан сол кезде.

Бірінді, қазак, бірін дос

Көрмесен, істін бәрі бос.

Малынды жауға,

Басынды дауга

Кор қылма, қорға, татулас.

¹ Кісі өлімі сирей бастаса, мешіттін ашқөз, надан мәзендері мешіт қоймасында тұратын өлген адамды салып шыгаратын табытты таяқпен кағып, өлім шақыратын жаман әдеті болған. Ақын соны ауыспалы мағынасында колданған.

Өтірік, үрлік,
Үкімет зорлық
Кұрысын, көзін ашылмас.
Ұятын, арын оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамагы токтық,
Жұмысы жоктық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып баrasын.
Өтірік шағым толды ғой,
Оқінер уақытын болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Құлыкты көргіш,
Сұмдыкты білгіш
Табылар кісі жөн дерге.
Үш-төрт жылғы әдетін
Өзіне болар жендетің.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қанғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
Сүйеніп құлкі токтықка,
Тартыпты өнер жоктықка.

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Максұт – алыс, өмір – шак.
Откен сон базар,
Қайткан сон ажар,
Не болады құркожак?!

Кеш деп кайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сүмға
Әлі жетер заман жок.
Қалірлі басым,
Кайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жок.

Болмасқа болып кара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар білгіш,
Закұншік, көргіш,
Атанбақ – максұт, мактанбак.
Жасқанып, корқып,
Жорғалап, жортып,
Именсе елін, баптанбак.

Карғағанын жер қылмак,
Алқағанын зор қылмак.

Хош, корыкты елін,
Коркыткан сенін
Өнерін қайсы, айтып бер.
Ел аңдып сені,
Сен аңдып оны,
Кылт еткізбей бағып көр.
Ойнашы қатын болса кар,
Аңдыған ерде кала ма ар?

Көмексіз көзін,
Бір жалғыз өзін
Баға алмай, басын сандалар.
Бауырына тартқан,
Сырынды айтқан
Сырласын сырт айналар.
Ол қаны бұзық ұры-кар,
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі кан бол,
Арка-басы шан бол,
Және тұрып жалпылда;
Жығылып тұрып,

Буыны күрып,
Тагы қуып салпылдаң —
Абұйыр қайда, ар қайда?
Әз басына не пайда?

Ит үрсе, бала
Таяғын ала,
Қуады итпен кектесіп.
Ұрыскансып «ой» деп,
«Ұят» деп, «кой» деп,
Үлкендер тыяр «тек» десіп.
Оны білсөн, мұнын не?
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға.
Білмеген сокыр,
Кайғысыз отыр,
Тамағы тойса жатуға.
Не ол емес, бұл емес,
Менін де күнім — күн емес.

Ғылымды іздеп,
Дүниені қөздең,
Екі жакқа үнілдім.
Құлағын салмас,
Тілінді алмас,
Көп наданин түнілдім.
Екі кеме құйрығын
Ұста, жетсін бүйрығын.

Жартаска бардым,
Күнде айгай салдым,
Онан да шыкты жаңғырык.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас — бір жартас,
Қанқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұксын.
Іште дерт қалын,
Ауыздан жалын
Бүрк етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген сон шыдатпай,
Коя ма екен жылатпай?

Мамықтан тәсек,
Тастай боп кесек,
Жамбасқа батар, үйкы жок.
Сыбыр боп сөзі,
Мәз болып өзі,
Ойланар елдің сиқы жок.
Баяғы құлық, бір алдау,
Қысылған жерде — жан жалдау.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жок.
Ағайын бес көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді үғар елім жок.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым — тап шыным!



* * *

Сәулен болса кеуденде,
Мына сөзге көніл бөл.
Егер сәулен болмаса,
Мейлін тіріл, мейлін өл.
Танымассың, көрмессін,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсызық намазда —
Кызылбастың¹ салған жол.
Көп шуылдак не табар,
Билемесе бір кемел?

Берекелі болса ел —
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғактайды сокса жел.
Жан-жағынан күркірең
Құйып жатса акқан сел,
Онын малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.

Берекесі кеткен ел —
Суы ашыған батпак көл.
Құс қанқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Онын суын ішкен мал
Тышқақ тиіп, аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол бір — шөл.

Единица² — жаксысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ак,
Өз басындық болар сол.

¹ Кызылбастар, кызылбашы (түрікше) — Иран жеріндегі көшпелі түріктерден кұрылған, шах I Исмаил мемлекетінін ең басты қүші болады. Кызылбастар жауынгерлерінін ерекшелік белгісі он екі кызыл жолакты сәлле болған. Парсы жұртын кызылбастар деп атая осыдан шықкан.

² Единица (орысша) — жалғыз, дара.

Еденица кеткенде,
Не болады өнкей нөл?
Берекенді кашырма,
Ел тыныш болса, жаксы сол.
Рас сөзге таласып,
Акжем болма, жаным, кел!



* * *

Мен жазбаймын өлөнді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым ұлғі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр үклас, талапты үғар,
Көнілінің көзі ашық, сергек үшін.

Тұзу кел, кисық-қыныр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағын тосаңсызы,
Өскен сон мұндай сөзді бұрын көрмей.
Тан қаламын алдынғы айтқанды үкпай,
Және айта бер дейлі жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдадарсыз»,
Мұнда жок «алтын иек, сары-ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілең,
Болсын деген жерім жок жігіт арсыз.
Әсірекызыл емес деп жиренбеніз,
Түбі терен сөз артық, бір байкарсыз.

Батырдан барымташы туар дангой,
Қызышыл да, қызықшыл да әуре жан гой.
Арсыз, малсыз, акылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байкалған гой.
Бес-алты мисыз бәнгі¹ күлсе мәз боп,
Кинамай қызыл тілді кел, тілді ал, кой!

Өлені бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Әзге түгіл өзіне пайдасы жок
Есіл өнер кор болып кетер түзге.
Сәнкай, дангой, ойнашы, керім-кербез,
Каниша қызық болады өзінізге?

¹ Бәнгі (парсыша) – нашакор.

Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек,
Жылдықтан тұла бойды ыстық жүрек.
Токтаулылық, қалыпты, шыдамдылық –
Бұл кайраттан шығады, білсен керек.

Ақыл, кайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жок жарыместі жақсы демек.

Ақыл да, ашу да жок, құлкі де жок,
Тулап, кайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жок біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.



Ғашыктық, құмарлық пен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп гашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көнілімнің ракаты сен болған сон,
Жасырынба, нұрына жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жакпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансын?!

Ғашықтық келсе, женер бойынды алып,
Жұдeter безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тонар, суыр, үміт үзсе,
Дәмеленсе өртөнер күйіп-жанып.



* * *

Қор болды жаным,
Сенсізде менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
 Тағдыр етсе алла,
Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған сон бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған сон әр серттен.
 Қамырықты көніл,
Қайтсе болар женіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман.
Адам деп мені,
Салмадын сен хат маған.
 Жай таба алмай жүрек,
Жасыған сон сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол – қылған дәрім
Ғашығымның жанына.
 Оналдырып ойды.
Тұзетпей ме бойды?



* * *

Сен мені не етесін?
Мені тастап,
Өнер бастап
Жайына
Және алдап,
Арбап,
 Өз бетіңмен сен кетесін.
Неге әуре етесін?
Қосылыспай,
Басылыспай,
Байына
Және жаттан
Бай тап,
 Өмір бойы қор өтесін.

Ет жүрек өртенді,
От боп жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей кормын,
Зармын,
 Сен үздін ғой бұл желкемді.
Кім білер өртенді?
Өлім айтпас,
Келсе қайтпас
Кісіге.
Бұғінгі күн
Бармын,
 Жоллас еттін сен бөтенді.

Ғашықтық – киын жол.
Жетсөң – жеттін.
Жетпей өттін,
Не болды?
Арманда өмір
Өтті.
 Ойлар ма екен бір мені сол?
Салдырап аяқ-кол,
Жетпей сертке,

Ішім дертке
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті,
Мен өлейін, сен сау-ак бол.

Шын жүрек – бір жүрек,
Кайта толқып,
Жолдан қорқып
Айнымас,
Шегінісіп
Кайтпас,
Өлсе бір сөзбен, не керек?
Білесің, сен зерек,
Мен пәндене,
Болды деме,
Кел, карас.
Ешкім сөгіс
Айтпас,
Рахым қылсан, кел ертерек!

Шын ғашық мен саган!
Кейіп жұрсем,
Сені көрсем,
Ләм-мим деп
Бір сөз айттар
Хал жок,
Еріп кетер бой сол заман.
Ойынды сен маған
Бір бөлмедін,
Тез келмедін
Мені іздеп.
Ішінде ыстық
Кан жок,
Тас бауыр жар, бол кош аман!

Жар, сенін көнілін ток,
Ақ етінді,
Нұр бетінді
Меншікті

Қылмаған сон
Алла,
 Өзі сорлы етсе, амал жок.
Сен аттың жөнсіз оқ,
Тәнірі – қазы
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп
Калма,
 Серт бұзғанның, біл, орыны – шок.



ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сөлем, қалам қас,
Саған күрбан мал мен бас.
Сағынганинан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар – артылmas.
Бір өзіннен басқаға
Ынтықтығым айтылmas.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылmas.
Көрмесем де, көрсем де
Көnlім сенен айрылmas.

Көзім жатка қарамас,
Жат та маған жарамас.
Тар төсекте төсінді
Ііскер ме едім жаланаш?

Иығымда сіздін шаш,
Айкаласып тай-талас,
Ләzzат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көnіл мас?

Сізде сымбат, бізде ықылас,
Осы сезім бәрі рас.
Сіздей жардын жалғанда
Қызығына жан тоймас.

Етін еткес тигенде,
Демін тиіп сүйгенде,
Тән шымырлап, бой еріп,
Ішім оттай күйгенде.

Жүрек балқып игенде,
Ішкі сырды түйгенде,
Іздеп табар сұнкармын,
Жараптықты шүйгенде.

Қылғында жоқ оғат,
Қарал тойман жүз қабат.
Ыстық тартып барасың
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз – қырғауыл жез канат,
Аш бетінді, бері қарат.
Жақындей бер жуықтап,
Тамагыннан айқалат!



ҚЫЗ СӨЗІ

Киыстырып мактайсыз,
Ойласаң не таппайсыз?
Бізде ерік жок, өзін біл,
Әлде неге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сіздей асыл кез болса,
Қайтіп басты шайқаймыз?

Ақылына сөзің сай,
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.
Үстүк сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсөн, көнілім жай,
Тастан кетсөн, япырмай,
Ит кор адам болар ма
Бұл жалғанда сорлындаі?

Тілегімді бермесен,
Амалым не жерлесен?
Үйір қылма бойына,
Шыны жаксы көрмессен.

Қайғын болар шермен тен,
Кара көнілім жермен тен.
Сенсіз маған жат төсек
Болар бейне көрмен тен.

Сіз – бір сұнкар шаһбаз¹,
Жер жүзінен алған баж².
Біздей ғаріп есепсіз,
Есігінде жүр мұктаж.

¹ Шаһбаз (парсыша) – қарынға, лашын, сұнкар және ержүрек батыр мағынасында да колданылатын сөз.

² Баж (парсыша) – алым-салық. Бұл жерле тоят алу, тоятау деген аудиснады мағынада колданылған.

Көнілін тұрса бізді алып,
Шыныменен козғалып,
Біз – қырғауыл, сіз – түйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып.
Салмағыннан жансылып,
Калсын құмар бір қанып...

Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіне оки бер,
Бозбалалар, колға алып.

Мұны оқыса кім танып,
Жүргегіне от жанып,
Сөзді үғарлық жан тапса,
Айтса жарап ән салып.

Өлең жиған тырбанып,
Ән үйренген ыргалып.
Сорлы Қекбай кор болды-ау
Осыншадан құр қалып.



Білектей аркасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсө ақырын.
Кәмшат бөрік, ак тамақ, кара қасты
Сұлу қыздың көріп пе ен мұндай түрін?

Аласы аз, кара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ак етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ен қыздың жайын?

Бұран бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ак.

Егерде колын тисе білегіне,
Лұпілдеп қан соғады жүрегінс.
Бетінлі таяп барсан тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне.



* * *

Қажымас дос халыкта жок,
Айнымас серт кайда бар?
Алда көрген артта жок,
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жаксылығын құнде ұмыт,
Бір жаңылсан, болды кек.
Пайдасынан бой сүйт,
Өзі тимей жүрсе тек.

Пайда, мактан өзінен
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім,
Тұбі болды бір кейіс.
Жаксы өмірім әуре¹ еттін,
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау кожандап бұртайып,
Дос құбылып, әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.

Сыйласарлық тектінін
Кім танымас нұсқасын?
Күнде өзімшіл ептінің
Несін адам ұстасын?

¹ Әуара (парсына) – канғыру, сергелденге салыну.

* * *

Жастықтың оты, қайдасын,
Жүректі тұртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын көніл сайласын,
Колға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жанына қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты актаса.
Алдына айдал кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпактық шаруа бол,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен өүре бол,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

Жарқ етпес қара көнілім не қылса да,
Аспанда ай менен құн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жок,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жаксы сезден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Корлық пен мазағына танылса да.



* * *

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Кыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, кай шеттен қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәнірі сактар, табандап тап үрса да.
Арсыз адам арсандал, арсылдайды
Әр жерде-ақ керегеге танылса да.

Кұтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардын олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Куды ұнатты-ау Семейдін бұл қаласы.



ҚАРА ҚАТЫНГА

Қара катын дегенге, қара катын,
Үзіл-жұлып, алып жүр қанағатын.
Ала жаздай байын кеп бір жатпайды,
Казактын не қыласын шарағатын.



* * *

Бай сейілді,
Бір пейілді
Елде жаксы қалмады.
Елдегі ерек,
Босқа селтек
Кағып, елін кармады.

Жөнді, жөнсіз,
Сөз тенеусіз,
Бас пен аяқ бір қысан.
Ұрысса орыс,
Елге болыс,
Үйден үрген итке ұсан.

Өзі ұлыкка
Қадірі жокқа
Карамай, өз халқына
Сөз кайырмай,
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына.

Танымадық,
Жарымадық
Жақсыға бір іргелі.
Қолына алып,
Пәле салып,
Андығаны өз елі.

Шашты барын,
Берді малын
Боларында жұртына.
Еміреніспес,
Енді піспес,
Ұксамас еш сыртына.

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елін – ала,

АБАЙ

Отты шала,
Тайса аяғын, кім көмек?

Өтті өмірім,
Кайтты көнілім
Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы,
Жаны тұрғы,
Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,
Сөзге емексіп,
Не болады мақтаның?
Пейілі шикі,
Ақылы құйкі,
Осы жұрт па тапқаның?



* * *

Ем таба алмай,
От жалындей,
Толды кайғы қеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Пендеge.

Боска үялып,
Текке именіп,
Кімді көрсем, мен сонан.
Бетті бастым,
Тұра каштым
Жалма-жан.

Үйкы, тамак
Калды тым-ак
Керегі жок іс болып.
Жай жатпағым,
Тыныш таппағым
Күш болып.

Жас жүргім
Жанды менін,
Жай таба алмай, япрыым!
Өзін онда
Жаксы жолға
Акырын.

Жас теректін
Жапырағы
Жамырайды, соқса жел.
Тұсті мойын,
Толды қойын,
Акты сел.

Мен пан едім,
Бейкам едім,
Еш нәрседен қайғысыз.
Тез дергіндім,
Кейде өртендім,
Кейде мұз.

* * *

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ак қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды үғымсыз
 Кылып тәнірім берген-ді.

Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық бір адам
 Біздің сөзге ергенді.
Өмірдін өрін таусып,
Білімсізбен алысып,
 Шыктық міне белге енді.

Енді аянда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
 Кой бұрынғы желгенді!

Кайғы шығып иыққа,
Қамалтиасын түйікқа,
 Сергі, көнілім, сергі енді!

Балапан құстай ондалып,
Қанатынды комданып,
Жатпа үяда корғанып,
 Ұш, көнілім, көкке, кергі енді!

Көнілле кайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлак ұққандар,
 Өрбі, сөзім, өрбі енді!

Іште кайғы дерт пысып,
Көкіректі өрт қысып,
 Айтуға көнілім тербендей.

Өзін жалғыз, надан көп,
Үктырасын сен не деп,
 Әулекі, арсыз елге енді?

Тыныштық сүймей қышынып,
Өтіріккө түшініп,
Пәледен тұрмас шошынып,
 Тұл бойын желік женген-ді.

Туған жерді кия алмай,
Тентекті женіп, тыя алмай,

Қалиң елім, қазағын...

Әлі отырмыз үялмай,
Таба алмадық өнгө елді.
Әзелде тәнірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күнірентті,
Тағдырға білдік көнгенді.
Адам деген данқым бар,
Адам қылмас халқым бар,
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындаи анқылдар –
Тұла бойым шіміренді.
Барма топқа шақырмай,
Жат үйінде шатылмай,
Шыдармын ба, япымай,
Жатуға шықпай үйде енді?
Катынынның ойнасын
Көрсөн, білсөң коймасын,
Не ойлар едің өз басын,
Сонымен тен біз де енді.



* * *

Өзгеге, көнілім, тоярсын,
Өлеңді қайтіп қоярсын?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дерті жоярсын.
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Кара көнілім оянсын.
Жыласын, көзден жас аксын,
Омырауым боялсын.
Кара басқан, қанғыған
Хас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.
Тындараса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.
Әуелесін, қалқысын,
От жалын бол шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей гарып кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсө сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.
Не пайда бар – мын надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын анғарсын.
Өздерің де ойландар,
Неше түрлі жан барсын.
Ғылым да жоқ, ми да жок,
Даладағы аңдарсын.
Жүргінмен тындармай,
Құлағынмен қармарсын.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарсын?!



Қалың елім, қазажим...

Кейде есер көніл құрғырын
Махаббат іздел талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асая жүрек алкынар.

Тарткан бейнет, өткен жас
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат – өмір көркі, рас,
Өлген сон ол да үндемес.

Махаббатсыз – дүние дос,
Хайуанға оны қосындар.
Қызыктан өзге қалсан бос,
Қатынын, балан, досын бар.

Жүргі жұмсақ білген құл,
Шын дос таптай тынышымас.
Пайда, мактан бәрі – тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.



ЖАЗГЫТҰРЫ

Жазғытұры қалмайды қыстын сзызы,
Масатыдай құлпырар жердін жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайрандасып жас құлдер құрбысымен.
Көрден жана тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Құлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа куған жастардың мойыны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап – қора да шу,
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып карағанда
Сыбырдағып, бұрандалап, ағалы су.

Көл жағалай мамырлап ку менен каз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда
Жарк-жүрк етіп ілінер көк дауыл баз¹.
Құс катарлап байлаған канжығаға
Қыз бұрандалап жабысып, кылады наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өн берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайды бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жана пұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның бір малы екеу болып,
Жана төлмен көбейіп, дәулет өнер.

¹ Баз (парсыша) – каршына.

Безендіріп жер жүзін тәнірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде
Бейнे әкендей үстіне аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге
Рахметіне алланың қөніл сенер.
Мал семірер, ак пенен ас көбейер.
Адамзаттың қөңілі өсіп, көтерілер.

Кара тастан басқанын бәрі жадырап,
Бір сараннан басқанын пейілі снер.
Тамашалап карасан тәнірі ісіне,
Бойын балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуак іздел, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-кунар.
Жыршы күстар әуеде өлен айтып,
Киқу салар көлдегі каз бен кулар.

Құн жокта кісімсінер жұлдыз бер ай,
Ол қайтсін кара тұнде жаркылдамай.
Тан аткан сон шығарын құннін біліп,
Өні кашып, бола алмас бұрынғыдай.

Құн – қүйеу, жер – қалындық сағынышты,
Құмары екеуінін сондай құшті.
Құн қырындап жүргенде көп кожандап,
Қүйеу келді – ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.
Азалы ак көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Құн – қүйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуін біреуі қосылыспай,
Қөнілі құн лебіне тойғаннан сон
Жер толықсып, тұрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Кызыл арай сары алтын шатырына
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.



* * *

Аска, тойға баратұғын
Жаны асығып, жас жігіт.
Колға кетті жауға бір күн,
Тірі адамның ісі – үміт.

Козғады жау батыр ерді,
Жауға сойқан салғалы.
Қалындығы кала берді,
Жатыр еді алғалы.

Асықсан да, шырағым,
Саған деген кұданын
Жазылған қандай жарлығы,
Есіткен жок құлағын.

Қалындық құшып, сүюге,
Күйеуіне ынтызар.
Келісімен тиуге
Дайындалған ойы бар.

Көйлегін актан тіккіштеп,
Күні-түні дем алмай,
Бітіруге жұр құштеп,
Асыққансып, токталмай.

Сен асықкан екен деп,
Алла әмірін өзгертпес.
Айтқанын болар ма екен деп,
Мен коркамын, көз жетпес.

Жара басты қеудені,
Жаудан өлді ар үшін.
Ескермей өзге дүниені,
«Ah!» деп өтті жар үшін.

Жамандық тұрмас күттіріп,
Ел есітті, қыз білді.

АБАЙ

Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген некені
Сүйіп кеткен жан екен.
Көзің неге жетеді,
Косылмак онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас.



* * *

Ата-анаға көз куаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?

Оқытарсын молдаға оны,
Үйретерсін әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.

Ата көніл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса.
Ел танымай, үй танып күр.
Шаруасын да ұқпаса –
Үміті қайдада?
Соны ойла,
Абайла!

Сүйер ұлын болса, сен сүй,
Сүйінергे жарап ол.
Сүйкімі жок күр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас кайла,
Ойбайла –
Не пайда?

Зарланарсын, ойланарсын,
Не болам деп енді мен.
Күрбылардан корланарсын,
Тәнірі ісіне сен де көн.
Қайғысыз пенде,

АБАЙ

Көрдін бе
Өмірінде?

Тәнірі сорлы етсе пенде,
Не бітірер күр жылап.
Жігері жок ақылы кенде,
Жамбасыннан жат сұлап.
Бір жаман мен бе
Дедін бе
Көнілінде?



* * *

Тайға міндік,
Тойға шаптық,
Жақсы киім киініп.

Үкі тақтық,
Кұлқі бактық,
Жоқ немеге сүйініп.
Күйкентай күтті,

Күс етті,
Не бітті?

Атамыз бар,
Молдамыз бар,
Айтқанына көнбедік.

Арт жағында,
Біз соған зар
Боламыз деп білмедік.

Үрланып қаштық,
Жолғастық,
Шуластық.

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.

Шала оқудан,
Не жарыдық,
Калғаннан сон күр надан?

Бағасыз жастық –
Бозбастық,
Адастық.

Бозбалалық –
Кыз каралық,
Калжын, әзіл сөйлестік.

Ат жараттық,
Сән тараттық,
Әуейілік күйлестік.
Көнілге келер,

АБАЙ

Кім жолар,
Кім көнер?

Қайын бардық,
Қатын алдық,
Енші тиді азгана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Кала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла –
Не пайда?



Заманакыр жастары,
Қосылmas ешбір бастары.
Біріне бірі қастықка
Койнына тықкан тастары.

Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жок бойын тыйғалы.
Енбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өргеге келіп сүйкенер.

Күлмендеп келер көздері,
Қалжынбас келер өздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері.



* * *

Көзінен басқа ойы жок,
Адамның надан әуресі.
Сонда да көнілі тым-ак ток,
Жайқан-қайқан өр несі.

Білмейсін десе, желөкпе,
Дейді ол дағы – тәнірі ісі.
Бірінен бірі бөлек пе,
Иемнің әділ пендесі?

Жүректін көзі ашылса,
Хақтықтың¹ түсер сәулесі,
Іштегі кірді кашырса
Адамның хикмет² кеудесі.

Наданның көнілін басып тұр
Каранғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ак шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көнілі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жок болса,
Сөз болмайды өнгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз үғарлық кем кісі.

¹ Хак (арабша) – а) тұра, шын, дұрыс; ә) баға; б) үлес, сыйбаға; в) Алла; г) хұқық. Бұл арада дұрыстық, шындық мағынасында.

² Хикмет (арабша) – пәлсапа (философия). Бұл арада білім, сыр, керемет мағынасында.

* * *

Жастықтың оты жалындаپ,
Жас жүректе жанған шак.
Талаптың аты арындаپ,
Әр киынға салған шак.

Уайым аз, үміт көп,
Етауырмас бейнетке.
Бүгін-ертен жетем деп,
Көнілге алған дәuletке.

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалайға?» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қактықпай,
Жазасын тауып жауласар.
Катынша тілмен шаптықпай,
Майданға шыкса, жарасар.

Жалыны кайтар дененін,
Үнемі тұрмас осы шак.
Талайғы көрі дүниенін
Бір кетігін ұстап бак.

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылманы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.

Досына достық – қарыз іс,
Дұшпанына әділ бол.
Асығыс түбі – өкініш,
Ойланып алмақ – сабыр сол.

Ақ көнілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.

АБАЙ

Ақылы, ары тапшыдан
Ку сөзін алма колқаға.

Сұм-сүркия, ку заман
Гүл көрінер жігітке.
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Кайта ойланып қарамас.
Мактатып жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгенде
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке
Тұра ма құлық жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ак алда, сөкпейін.
Балы тамған жас камыс
Ормасаншы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіне?
«Япырмай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіне?



* * *

Қызырып, сұрланып,
Лұпішеп жүргі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай.
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көнілмен танысып.

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып.
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Тұмандал көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жанында жапырак,
Үстінде жұлдыз да.
Елбіреп-калтырап,
Жігіт пен ол қыз да.

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.
Жүрекке құйылып
Жан рахат бір сәуле.

Жүргегі елжіреп,
Буындар босанып.

АБАЙ

Рахатпен әлсірең,
Көзіне жас алың.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Женілдің, женілдің!..



* * *

Көзімнің қарасы,
Көнілімнің санасы,
Бітпейді ішімде
Ғашыктың жарасы.

Қазактың данасы,
Жасы үлкен ағасы.
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде
Қалқама сөз дайын.

Жүректен козғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.

Теренделп қарайсын,
Телміріп тұрмайсын.
Бихабар жұргенсіп,
Бек қатты сынайсын.

Сан кісі мұңайсын,
Сабырмен шыдайсын.
Күйемін, жанамын,
Еш рахым қылмайсын.

Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе оты жок
Адамда ми болмас.

Шын ғашық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас.

Арызымды айтайын,
Күй болар, күй болмас.

Кең мандай, колан шаш,
Я бір кез, я құлаш.
Ақ тамақ, қызыл жұз,
Карағым, бетінді аш!

Кара көз, имек кас,
Караса жан тоймас.
Аузын бал, қызыл гүл,
Ақ тісін кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар сокса жел.
Ақ етін ұлбіреп,
Өзгеше біткен гүл.

Карағым, бермен кел,
Бізге де көнілін бөл,
Қалқамның нұскасын
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғын – қыс, жұзін – жаз,
Боламын көрсем мәз.
Құлқініз бойды алар,
Бұлбұллай шыкса өуез.

Кісімсіп дүрдараз,
Бұрандалап қылма наз.
Мал тұғіл басымды
Жолына берсем де аз.

Иісін – гүл анқыған,
Нұрын – күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық данқынан.

Қызыл тіл шыға алмас,
Мактаудын шартынан.

Сенсің – жан ләzzәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Артықша жаратқан,
Алланын рахматы.

Көрік – тәнірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік –
Пайғамбар сұндеті¹.

Не десем саған еп?
Ғашығын да қайғы жеп.
Әртенген жүреккे
Бір көрген болар сеп.

Біздердей ғашық көп,
Қайсысы саған дәп?
Жөндеп те айтпадым,
Жүрегім лұпілдеп.

Назына кім шыдар?
Бұрандап жүр шыгар.
Касқая құлгени
Қылады тым құмар.

Ер емес қымсынар,
Әркім-ак ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көnlім
Құн бар ма бір тынар?

¹ Сұндет, сұннәт (арабша) – Мұхаммедтің істеген ісі мен айтқан сөзі. Бұл жерде дәстүр деген мағынада.

Менсінбеуші ем наданды
Ақылсыз деп қор тұтып.
Тұзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Тапшадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Жан шошырлық түрінде,
Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

Әринемен ел кетті,
Қокиланды, мактанды.
Куат бітті, күн өтті,
Жарылқа, құдай, жатканды.

Мен – қажыған арықпын,
Қатын-бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртын анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан үялып.

Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сызыра елірме, сұркия,
Көп пияншік нені үғар?

Татулықты, тыныштықты
Коныр көрер, кем көрер.

Қалың елім, қазағым...

Ұрлық пенен құлықты
Қызық көрер, өні енер.

Мұндаій елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті карт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?



* * *

Не іздейсін, көнілім, не іздейсің?
Босқа әуре қылмай, шынынды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,
Сырласалық, бермен кайт.

Абұйыр, атақ сол жанда,
Кімді көп жұрт мактаса.
Ол мактаудан не пайда,
Көп мактауын таппаса?

Көп тәнірі аткан мактай ма,
Ол тәнірі аткан болмаса?
Жокты-барды шатпай ма,
Көптін өзі онбаса?

Мактау – жел сөз жанға кас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мактаса боктамас
Ел табылса, күмарлан.

Жұрттың бәрі сөз саткан,
Сатып алғып не керек?
Екі сөзді тәнірі аткан –
Шыр айналған дөнгелек.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды андамас.
Біләткенің байы – акша,
Ер жаксысын тандамас.

Мен мактанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жок.
Антүрган көп пүл емес,
Өлім барда қорлық жок.

Өмір, дүние дегенін
Ағып жатқан су екен.
Жаксы-жаман көргенін,
Ойлай берсен, у екен.

Жүргім, ойбай, сокпа енді!
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсін бе, токта енді,
Кімге сенсен, сол – шикі.

Жетім козы – тас бауыр,
Тұнілер де отығар.
Сорлы жүрек мұнша ауыр,
Неге қатты соктығар?

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ет жүрек.
Тірілікте бір кана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Жок деп едің керегін,
Топ жиып ен бір бөлек.
Кезек келер демедін,
Ендігі керек қай керек?



* * *

Кайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Кайғы мен ыза қыскан сон,
Зар шығады тілімнен.
Қайтіп қызық көрсін
Әуре-сарсан күнімнен?
Кайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.

Кайғылы, картан біздей шал,
Карай берсен, қайда жок?
Есер, есірік болмасан,
Тіршіліктен пайда жок.

Ақыл бітпес дәuletке,
Дәulet бітпес келбетке.
Болымсыз қулық тойымсыз
Болады балаң жөргекте.
Ішімен жау боп, сыртымен
Кім тояр қылган құрметке?
Кеншілікте туған жок
Шықсын деген жел бетке.
Тарлыкта канша тайпалса,
Қадірі болмас, әлбетте.

Сыйласа елін ұлықтап,
Араласан қызықтап,
Қызық пенен тыныштыққа
Қазак тұрмас тұрықтап.
Қанқылдап біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап.
Тебінісіп қамалар,
Токтатып болмас сырыйтап.
Тұзу бол деген кісіге
Тұзу келмес ырықтап.
Сырдан тартып қашады,
Ұстайсын қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаныз,
Айтайын құлак салсаныз:

Кейбіреуі дүрсіп жұр,
Жер тәнірісіп кер мағыз.
Кейбіреуі – зәкүншік,
Оңдырмассып, берсе арыз.
Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз.
Кейбірі қажыға барып жұр,
Болмаса да қаж парыз.
Мұсылмандық ол ойлап,
Өтеген қашан ол карыз?

Дәuletі жок бурыл шаш,
Үйіне кет, топтан каш!..
Ағайынның ішінен
Шыға қалса тай-талас,
Партия жиып, мал сойса,
Бата оқисын, жейсін бас.
Басалка сөз сенде жок,
Айтқан сөзін «малың шаш».
Итше індеп тілемей,
Жат үйінде, өлсен де аш!

Ойлап-ойлап карасам,
Осындаш шал қайда жок?
Козғау салып қоздырғыш,
Кезбе шалдан пайды жок.



ОСПАНГА

Жайнаған туын жығылмай,
Жасқанып жаудан, тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек, жомарт құбылмай,
Жаксы өмірін бұзылмай,
Жас қуатын тозылмай,
Жалын жүрек сүйнбай,
Жан біткеннен түнілмей,
Жағалай жайлау дәuletін
Жасыл шебі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің
Жайдак тартып суалмай,
Жайдары жүзін жабылмай,
Жайдактап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жаксы өліпсін, япымай!



* * *

Кешегі Оспан,
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, тұзі – той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
Ат та мінсе, көнді ғой.

«Ала берден»,
«Келе көрден»
Бір күн басын бүрдыш ма?
Келді қаптап,
Алды сап-сап,
Кетті мактап, түрдыш ма?

Жауға мылтық,
Доска ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Корыкпай өтті,
Жанға жетті,
Арман етті досынан.

Ел тамағын,
Жұрт азабын
Жеке тартқан кетті ер.
Сондай ерді –
«Ала берді»
Табар-енде біздің ел!

Өлді Оспан,
Кетті шопан,
Енді кім бар бақ конар?
Ұрла-карла,
Жұртты шарла,
Ойла, барла – не болар?

Жұрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз,
Енді оларға сөз де жок.
Сырты абыз бар,
Желкабыз бар,
Алты ауыз бар – өзге жок.

Құлімсіреп аспан түр,
Жерге ойлантып әр нені.
Бір себепсіз қайғы күр
Баса ма екен пендені?

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жок көнілде.
Қайғырамын, жатамын,
Нені іздеймін өмірде?

Қайтты ма көніл бетімнен,
Яки бір капыл қалдым ба?
Өткен күнге өкінбен,
Әм үміт жок алдында.

Іздегенім тәтті үйқы,
Дүниені ұмытып.
Өлімнің сүйк тым сиқы,
Тұрсын өмір жылытып.

Көз үйқыда, ой тыншып,
Дем алып жатсын көкірек.
Кім таласса, кім ұрсып,
Көрсем оны – сол керек.

Өзім аулак бетінен,
Бір орында онаша,
Дүние деген не деген –
Қыла жатсам тамаша.

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мактан іздеген.
Мактанынан не туар,
Ыза қылып өзгеден?



* * *

Сұрғылт тұман дым бүркіп
Барқыт бешпент сулайды.

Женіменен көз сұртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.

Әйелмісін, жылама,
Тәуекел кыл құдаға!

Өлең айт,
Үйге кайт!

Атанды анаң азғырып,
Тұргызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.

Әйелде ешбір опа жок,
Бүгін – жалын, ертең – шок.

Белді бу,
Бетті жу!



* * *

Ысыткан, сұыткан
Бойынды бір көніл.
Дүниені ұмыткан
Құмарын тозар, біл.

Әуелгі кезінде
Қайтпаған көнілдін,
Есептеп өзін де
Түрінен өмірдін.

Бір жақсы күнім деп,
Кызықпен сөйлесіп.
Артынан «ол нем» деп,
Ұялып кезнесіп¹.

Бір ақымақ әнгіме
Сықылды көрінер.
Онысын өңгеге
Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,
Надандықпен женилмес.
Білген кісі айтса оған,
Надандығы кемімес.

¹ Қысылу, қызару мағынасында.

Қалың елім, Қазағым...

* * *

Бойы бұлған,
Сөзі жылман
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
Тұл бойында
Бір міні жок пендесіп,
Түзде мырзан,
Үйде сырдан,
Сөзі қылжан еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдырткан,
Жұрт құтырткан,
Антын, арын саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жок.
Аш көмектін,
Жемдемектін,
Боска әлектін орны жок.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы – баспак,

Би саспак,
Эулекі аспак сыпыра ку.

Акы берген,
Айтса көнгөн,
Тыныштық іздер елде жок.
Акка тарткан,
Жөнгө кайткан,
Ақыл айтар пенде жок.

Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шакыр,
Болдың акыр тап-такыр.

Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма,
Сыпыра жылман җелбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
Енді өкіндім – өзіме аз.



* * *

Жаксылық ұзак тұрмайды,
Жамандық әр кез тозбайды.
Үміттін аты елеріп,
Кос тізгінді созбайды.
Қанша тепкі салсан да,
Уайымнан озбайды.
Бір қайғыны ойласан,
Жұз қайғыны қозгайды.
Жер корығыш желгек шал
Желіп жүріп боздайды.

Кұрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көніл елермес.
Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінін ерні кезермес.
Шыдасан есті кашырмай,
Күлдатып, кор қып жібермес.

Кез келсе қайғы кат-кабат,
Қанғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған – о да жат,
Күнкілдеп берер сазанды.
Бәрінен де сол кымбат,
Қайтерсін өнкей наданды.
Сыпыра батыр сүм күрбәт¹
Мактанмен алды мазамды.

¹ Күрбәт, көрбәт (парсыша) – жакындық, тұыскандық.

(ДЖ. БАЙРОН – М. Ю. ЛЕРМОНТОВТАН)

Көнілім менің қаранды. Бол, бол, ақын!
Алтынды домбыранмен келші жақын.
Ішек бойлап он саусак жорғаласа,
Бейіштің үні шығар қоныр салқын.

Егер сорым тұбімен әкетпесе,
Керек кой көнілді үміт тебірентсе.
Катып қалған көзімде бір тамшы жас
Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?!



* * *

(И. В. ГЕТЕ – М. Ю. ЛЕРМОНТОВТАН)

Қараңғы тұнде тау қалғып,
Үйқыға кетер балбырап.
Далаңы жырт-жырт, дел-сал қып,
Тұн басады салбырап.

Шан шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырак.
Тыншығарсың сен-дағы
Сабыр қылсан азырақ.



* * *

(М. Ю. ЛЕРМОНТОВТАН)

Өзіне сенбे, жас ойшыл,
Тіл өнері дертпен тен.
Көнілдің жүгін қиял қыл,
Ызага тұтқын бой мен-зен.

Қасиет тұтып, ойға үмтыйл,
Кан қайнап, қуат егілсін!
Онан гөрі енбек қыл,
Улы сусын төгілсін!

Ойлай берсен, ой деген
Не қызыкка келер кез.
Кісі айтпаған, білмеген
Құй әдемі, тәтті сөз.

Тында ма оны, үмыт сен,
Бүркен-дағы, бар да жат.
Тамылжытып айтканмен,
Қыла алмассын сен қымбат.

Кез болсан қайғы, я зарға
Құрсатса тілді үмтыйлтып,
Алып шықпа базарға
Асаудайын бұлқынтып.

Қайғы-дертің мейлі мын,
Саудаға салмак өзіне ар.
Жанына түскен жараның
Ірінін нетсін надандар.

Біліп оған не керек,
Ішінен қайғы жемесен,
Жалтандаған жас жүрек
Байғұс-ай десін демесен.

Өз бойына болып сак.
Жан-жағына караңдар!

Күн көріп жүр күліп-ак
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін
Қайғы аман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрін,
Таттырмап па дүние зар?

Күлкі болмай, қой, жаным,
Сен бүйтесін, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шакты, кімге айтты?



* * *

Антпенен тарқайды
Жиылса кенеске.
Ор қазып байкайды
Туа жау емеске.

Анттасып алқайды¹
Сен тентек демеске.
Кім анттан шалқайды
Амал жок жемеске.

Аз адам шаршайды,
Ебіне көнбеске.
Бас ынғай қайқайды,
Амал жок өлмеске.

Ел састы, анқайды,
Би тартты егеске.
Жұрттағы мал-жайды
Ой қылар бермеске.

Өсімге кол жайды,
Тай алып серкешке.
Алмаса ол тайды,
Дап-дайын көрмеске.

Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.
Саумакка ол байды,
Кенесер би кешке.

Қайғы қып болмайды,
Өкпелеп білмеске.
Сүйтсе де онбайды,
Бұрынғы түсті еске.

Пысықтар шалқайды,
Таласып тенденеске.

¹ Алқайды – костайды, колдайды деген мағынада.

Қалың елім, қазағым...

Қағысып шонтайды
Өзімен жемдеске.

Таласып тарқайды
Ақшадан төрт-беске.
Бірлікті шайқайды,
Араз боп өнбеске.



Карашада өмір тұр,
Токтатсан токсан көнер ме?
Арттағы майда көніл жүр,
Жалынсан қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – кар,
Бәйшешек карға өнер ме?
Ішінде кімнін оты бар,
Кар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
Шартарапты көздемес.
Пайданы қуып алкынып,
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі – толған құлық ой,
Бәрі де пысық, езбе емес.
Құмары онын айт пен той,
Пайда мен мактан, өзге емес.

Алладым, үрдым, қырдым деп,
Шалыктап, шалқып, шатпай ма?
Қапсысын андып тұрдым деп,
Кұлығын бұлдан сатпай ма?

Момыннан жаман корқак жок,
«Ку», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атак жок,
Алдамшы болмай бақ қайда?



Жасөспірім замандас қапа қылды,
Сабыр, ар жок, аял жок, ілді-жұлды.
Тұрлау қылып еш нәрсе баскара алмай,
Сенімі жок серменде өнкей жынды.

Жамандық, жаксылық пен – оған бір бәс,
Дін ісін, күдай ісін айыра алмас.
Арын сатып, ант ұрып іздегені –
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың колынан не келеді?
Ынтасыз кайтіп өнер үйренеді?
Енбекі жок, еппенен мал табам деп,
Сендері алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,
Жанын берсе, табылмас сөздің шыны.
Алты жаксы жүз жылкы болған басы
Бір семіз ат болады оның күны.



АБАЙ

* * *

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар кате етпес,
Мейлін илан, мейлін кұл.

Ол тілге едік онтайлы –
Каріпсіз біліп сондайды.
Біліп-ақ, ұғып коюшы ек,
Енді ішіме конбайды.



* * *

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, құғанға.
Әділет, шапқат¹ кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапкы екеу сонғысыз
Біте қалса қазакқа.
Алдың – жалын, артын – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсөн бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мінінді ұрлап жасырып,
Майданға түспей, бәйгі алма.

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күнdestігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Енбегін кетпес далаға.
Ұстадтық² қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

¹ Шапқат, шәфхат (арабша) – аяу, рахым ету.

² Ұстад, өстад (парсыша) – 1) үйретуші, оқытушы, тәрбиеші; 2) ұста; 3) профессор.

ЕСКІЛІК КИІМІ

Ойланып, ойға кеттім жұз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен.
Жейде-дамбал ак саннан, жарғак шалбар,
Жырым балак матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпак тоңдырmas ызғар өтіп.
Үлкен кісе белімде жез салдырган,
Шакпағым, дәндәқуім¹ жарқ-жүрк етіп.

Құләпера бастырған пүшпак тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлак.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырган бар құрыскак².

Қалмақы кара үзенгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғак жастық көпшігім, жезді пыстан³,
Бір келісті сайманым топқа мінер.

¹ Дәндәқу – кісеннің окшантаймен катар тұратын былғары қалтасы.

² Құрыскак – тобылғы тиек.

³ Пыстан, бәстән (парсыша) – ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстіне жез кепталған, былғарыдан істелген түрман.

(ӘБДІРАХМАН НАУКАСТАНЫП ЖАТКАНДА)

Я, күдай, бере көр
Тілеген тілекті.
Корқытпай орныктыр
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін.
Шын қалкам осы күн
Болып тұр керекті.

Жүрегім суылдал,
Сүйегім шымырлап,
Алладан тілеймін
Күпия сыйырлап.

Зар етсе пендесі,
Бермей ме алласы
Тән саулық қалкама,
Қабыл боп көз жасы.

Не жазам, япырмау,
Қол шорқақ, тіл мақау.
Сәләмат өзінді
Кешікпей көрсем-ау.

Бір суып, бір ысып,
Барады іш пысып.
Жүзінді бір көріп,
Сүйгенше бір күшіп.

Бір үміт, бір хаяп,
Көнілге жол тауып,
Кірген сон сөз киын,
Әр неге ой ауып.

Екі аяқ не қылып,
Басқаша ауырып,
Япырмай, докторлар
Жүрмесін жанылып.

Жарылып ауыз ашты,
Жарасы жаасты.

Жарасыз біреуі
Неліктен үйкі ашты.

Алмаса докторға
Нанбаңыз соққырға.
Визитке төлемей,
Шырагым, бос калма.

Ол жесін, ол жұтсын,
Шырайын жылтыснын.
Ақшаны аяма,
Үйқыны тыншытсын.

Әбсәмет жиенін,
Ол -- сенін біреуін.
Достығын достықпен
Өтемек – тілеуім.

Көнілдің хоштығы –
Ол оның достығы.
Баар ем, қолымның
Болмады бостиғы.

Сарғайды жұзіміз,
Сарылды көзіміз.
Қатайып сауықсан
Сағынған өзініз.

Хатымды көріңіз,
Көнілді бөлініз.
Куатын ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.

Туа өскен жерініз,
Тұысқан елініз
Зар боп тұр көруге,
Үнатса көнілініз.

Уайым жеуліміз,
«А, құдай» деуліміз.
Жазылып келсеніз,
Гүлденер өміріміз.

(ӘБДІРАХМАНҒА)

Алланың рахматын
Жар тұтып әр неге.
Әр рахман¹ ол атын
Үйреткен жұмлеге².

Дұғаның қуатын
Жіберме өнгеге.
Әбіштің сыйххатын³
Беркітсөн кеудеге.

Рәушан сипатын
Тез көрсет пендеге.
Осындаі шапқатын
Ұмытам мен неге?

Зар хатым – бұл хатым,
Бізді тыныш жүр деме.
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.

Бұл – жазған сұнғатым⁴,
Көніл ашар бір наме⁵.
Менің сол рахатым
Көзіме сүрмелеге.

¹ Рахман (арабша) – аяушы, мейірім етуші (Алланың бір аты).

² Жұмле, жәмлә (арабша) – жалпы, жиынтық.

³ Сыйххат (арабша) – есендік, саулық, сәлеметтік.

⁴ Сұнғат, санғат (арабша) – көркем шыгарма мағынасында.

⁵ Наме (парсыша) – хат, жазылған нәрсе, кітап мағынасында.

(ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ)

Тілім, саған айтайын,
Осы сөздің келісін тап.
Колым, сені кайтейін,
Қalamды тұрдың катты үстап.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма.
Қу көсө¹ қандай өзімшіл,
Бір сынамай коя ма?

Махаббатпен қарап бак,
Тамыр сокса солқылдал.
Мен жазайын сізге хат,
Оқып көрсін ол шындал.

Оқып көріп байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме?
Ұрлаған сөз деп айтасын,
Сөз ұрлыкка жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Теріс үғар кай құлак?
Сөккенің оны ұнап ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Тұла бойым, балки көр,
Әбіш ағам дегенде.
Мейлін, Мағаш, шалки бер,
Не десен де сөгем бе?

Көріскен сон бір дидар,
Алла онғарып келгенде,
Сынаушы сонда табылар
Мұнда жаткан елден де.

Төсекке мениң жатуым —
Үйқыға әбден талған сон,

¹ Өзінің күрдасы Мағауияға өзіл.

Қалың елім, қазажым...

Ұстазым мен татуым
Сен екеуің болған сон.

Жас жүргім қозғалса,
Бір аллаға тілегім.
Ол қарағым оналса,
Тыншыр еді жүргім.

Жұздерінді сау көрсем,
Екі көзім нұры еніп.
Косылысып бір жүрсем,
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс, жете алмай,
Мағаштан да мен сорлы.
Қызметінді ете алмай
Калмас едім сол құрлы.



(ӘБДІРАХМАНГА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ)

Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш.
Өмірдің гүлісіз,
Көніліме жұбаныш.

Зар қылып тілеймін
Ракыматын алланын.
Елжіреп жылаймын,
Көнілін аш пенденин.

Сыйхатын қалқама,
Бере ғөр, я, рахим.
Тілегім – бұл ғана,
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым,
Есен-сау көрмекке.
Сөз таппай анырдым,
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің
Ешбір жоқ қызығы.
Жаралы көнілімнің
Жазылмай сызығы.

Мақсатым хатымды
Аз уақыт болса ермек.
Сөзім жоқ татымды,
Хошлықпен көріспек.



ҚЫЗДАРҒА

Койдан коныр, жылқыдан торы Бәкен,
Адалдықка бар елдін зоры Бәкен.
Ұры-кары көбейіп, к... шөмейтіп,
Неге болды бар елдін қоры Бәкен?

Лекер, Бітімбай мен Аталыкты,
Жанкожадан кім көрген қапалыкты?
Байұзак одан соңғы адамы еді,
Бәрі де кісі-ак еді хасалыкты¹.

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
Екеуі бітім десе басын шайқар.
Екі елерме бітімге жөн келер ме,
Ақылы болмаган сон артын байқар?

Сөзіннің басы ыржан, соны қылжан,
Жүгенсіз жүре бермек – сенін ырзан.
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,
Заманыңын тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдап, шықса құлген,
Елірмелі Досакқа кісімсінген.
Бұл топта маған айтар кісі бар ма,
Дауылбай мен Қыздардың жөнін білген?

Айтқожаның құлығы сені елірткен,
Бір дем салса, күшіктей сонына ерткен.
Менің терім тарылыш келе жатыр,
Бұрын кісім емес ен жалғыз шерткен.

¹ Келісті, кемел.

* * *

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.

Казактың өзге жүрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздін жасы, жүректін қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жүртим-ай, шалқактамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын койып, сөздін ішін.
Ыржандамай тыңдасан нен кетеді,
Шығарған сөз емес кой әнгіме үшін.

Адасып аландама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, камалмай.
Не ғылым жок, немесе енбек те жок,
Ең болмаса кеттін ғой мал баға алмай.



* * *

Аш карын жұбана ма майлы ас жемей?
Ток тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған — шала байлық» деген казак
Ел көрінсе, қайтеді қүйсей бермей?

Енбек жок, харекет жок казак кедей,
Тамак андып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жок дейді,
Ол немене жоктықтын әсері емей?

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ен онан да әрман.
Өз пұлынмен халін жок күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсын асы бардан.

Өз үйіннен тоярга колын қыска,
Ас берер ауыл іздел жүрсін боска.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмыска.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малын болса, сыйламай тұра алмас ел.
Каруынның барында қайрат қылмай,
Қанғып өткен өмірдің бәрі де — жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылmas,
Енбек қылmas еріншек адам болmas.
Есек к...н жусан да, мал тауып кел,
Колға жұқпас, еш адам кеміте алmas.

Кұлық, сұмдық, үрлышпен мал жиылmas,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылmas.
Зиян шекпей қалмайсын ондай істен,
Мал кетер, мазан кетер, ар бүйірmas.

Асаған, үрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.
Енбек қылмай тапкан мал дәулет болmas,
Кардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып тамақ андып,
Бұрандақ, жылы жүзін асқа саткан
Антұрғанға косылмай кетсін қанғып.

Құлдіргіштеу, құлкішіл, калжынға ұста,
Кезеген ит тым-ак көп біздін тұста.
Өз үйінен жиреніп, кашып жүрген
Антұрғанға косылма қапылыста.

Балалық өлді, білдін бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Көрілікке қоңдің бе?
Кім біледі, сен кәпір
Баяндыдан сөндің бе,
Баянсызға төндің бе?
Әлде, айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді
Коралан шықпай өлдің бе?



* * *

Лай суға май біттес кой өткенге,
Күлеміз касқыр жалап, дәметкенге.
Сол касқырша алактап түк таппадым,
Көнілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе тәнірім саған өзге туыс?
Кыласың жер-жиһанды бір-ак уыс.
Шарықтап шартарараптан көніл сорлы
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?

Құні-тұні ойымда бір-ак тәнірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халик¹ маҳлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі².

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәніріні болдырады.
Талып үйықтап, көзінді ашысымен,
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көнілге шек, шұбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай коя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан³
Түп иесін көксемей бола ма еken?
Және оған қайтпаксың, оны ойламай,
Өзге максат ақылға тола ма еken?

Өмір жолы – тар соқпак, бір иген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жок,
Құлап кетпе, тұра шық, көзіне бак.

¹ Халик (арабша) – жаратушы деген мәғынада.

² Дәһрі (арабша) – акыретке сенбейтін құдайсыз, діңсіз. Бұл жерде сенімсіз, ұдікті деген мәғынада.

³ Ләмәкан (арабша) – мекенсіз.

* * *

Өлсө өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ кайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өнкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрер тіршілікке көніл бермей,
Баки¹ коймас фәнидін² мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассын,
Терен ойдын телміріп сонына ермей.

Дүниеге дос акиретке бірдей болмас,
Екейі тап бірдей бол орныға алмас.
Дүниеге ынтық, мәғшарға³ амалсыздын
Иманын түгел деуге аузым бармас.

¹ Баки (арабша) – мәңгілік, мәнгі жасаушы.

² Фәни (арабша) – өзгеретін, бітептін, өткінші жалған дүние.

³ Мәғшар (арабша) – акырзаман болғаннан кейін адам баласынын күнәсі тексерілетін орын.

(ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ)

Арғы атасы қажы еді
Бейіштен таткан шәрбәтті.
Жарыктықтын өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, акыл жасынан
Козғапты, тыныштық берменпі,
Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр киынға серменпі.
Мұнды, шерлі, жок-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінін көнілін тындырып,
Біреуін ала көрменпі.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тыйып, жерлепті.
Қазактын ұлы камалап,
Іздеген жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ап қайткан
Өлгенше болар ермекті.
Ол сыпatty қазактан
Дүниеге ешкім келменпі.
Өлмейтін атак қалдырып,
Дүниеге көнілін бөлменпі.
Жарлығына алланын
Ерте ойлаған көнбек-ті.
Олар да тірі қалған жок,
Тірлік арты өлмек-ті.
Оны да алды бүл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті.



* * *

Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүргі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаңнан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көнілі зерек-ті.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет¹ жұктетпей,
Еңбекпен тапқан коректі.
Біреудің қылған карызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақ көніл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демек-ті.
Тағдырға тәбділ² бола ма,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

¹ Сідет (парсыша) – міндеп.

² Тәбділ (арабша) – өзгеру (өзгерту), ауысу (ауыстыру).

(ӘБДІРАХМАН ӘЛГЕНДЕ)

Тұла бойын ұят-ар едін,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едін,
Талаппен терен бойлаған.
Ерлікке де бар едін,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едін,
Атанның атын жоймаган.
Замана, неткен тар едін,
Сол қалқамды қоймаған?!



ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Жиырма жеті жасында
Әбдірахман көз жұмды.
Сәулен болса басында,
Кімді көрдін бүл сынды?

Дүниелікке көnlі ток,
Ағайынға бауырмал,
Тәкаппар, жалған онда жок,
Айнымас жүрек, күлкін – бал.

Ғылым оқып білгенше
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздең жатпаған.

Ұзак өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көnlге сәуле толмаса?

Петербурда-ак кідірмей,
Біліпті дерттін барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Құтіпті тәнірі жарлығын.

Калжыны, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп,
Бөтен көзде көрсе жас,
Ойнаймын деп құлдіріп.

Аз өмірін ұзайтқан,
Ғылымға бойы толған сон.
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған сон.

Кырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр түстен,
Көрмей дамыл алмады.

Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады.
Қөрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.
Қынысынбай өлімді ол,
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін,
Қағазға жазған арызын.

Қөргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені –
Арманда боп қалды деп.

Жана жылдың басшысы – ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген ашы сол,
Сүйекке тиді, карт едім.

Кайғы болды күйгендей,
Ол қуатым еді рас.
Қөзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас.



ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледін.
Бір ғылым еді інкәрін,
Әр қынға сермедін.

Көзінді салдың түргыға,
Бейнетін қын көрмедін.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедін.

Бала болдың, жас болдың –
Жалғандықка ермендін.
Төре болдың, бас болдың –
Көкірегінді кермедін.

Ел ішіне сау келсен,
Тағылым айтпас ер ме едін?
Жол көрсетіп сонда өлсен,
Арманым бар дер ме едім?

Іздеп табар жалғаннан
Бала берген пенде едім.
Пенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.



(ӘБДІРАХМАНҒА)

Орынсызды айтпаған,
Тұзу жолдан кайтпаған;
Жақсылық қылар орында
Аянып, бойын тартпаған.
Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздең, жатпаған.
Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Жұз мын тенге келсе де,
Махаббатын сатпаған.
Жүйріктікпен шалқымай,
Тура сөзді жактаған.
Бала айтса да хак сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Өтіріксіз турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге,
Тұқ калмайтын сактаған.
Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса какпаған.
Білдіруші ен үндемей,
Істі қылған жакпаған.
Ағайын мен туганды
Тірілікте мактаған.



АБАЙ

(ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕН СОҢ ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)

Бермеген күлға, қайтесін,
Жұлынарлық ерікті.
Ажал тұра келген сон,
Шыдатпайды берікті.
Ғаріптікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Әмірін берген құдайым
Ажалын да беріпті.

Сакта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил жок,
Тәубе қылсақ керек-ті.
Кәркіден, пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Әз занымша үксаттым,
Берген құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті.

Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатакты,
Ерегісken жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырган ғаріп, жатакты.
Ескендір, Темір, Шынғыстай
Мұсылманда атакты.

Мұқым казак баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып, құралты.
Мекеде уақып¹ үй салып,

¹ Вәкиф (арабша) – мешіт, медіресе пайдасынан берілетін мал, дүние. Бұл жерде Мекеге барғандар жататын үй сатып алғын бергенін айтады.

Пәтер кып, жаккан шыракты.
Бір құдайдын жолына
Малды аямай бұлапты.
Ажал уақыты жеткен сон,
Соның да гүлі қурапты.
Қажыны¹ алған бұл өлім,
Сабыр кылсақ керек-ті.

¹ Кажы дегендегі өз әкесі Күнанбайды айтады.

(ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШКА АБАЙДЫҢ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ)

Жылағанды тоқтатып,
Ынсап қылсак жарайды.
Коймасан, кайғы ауыр боп,
Тұл бойына тарайды.
Қызыл гүлін суалып,
Ақ көнілін анық қарайды.
Һәммә жанды ауылымен
Патша құдай сыйнайды.
Бір сен емес, жылатқан
Сынарын алып талайды.
Бәрімізді аясан,
Токтау қылсан ұнайды.
Ұмытканың жарамас
Жаратушы құдайды.
Халық билеген патшалар
Уакыты жетсе, құлайды.
Дәл уакыты жеткенде,
Талайдын гүлі курайды.
Рәсүлді¹ алған бұл өлім
Кімнен жөнді сұрайды?
Қандай адам бұлқынып,
Бұған көнбей тулады?
Мен білемін, қайтейін,
Мұндай асыл тумайды.
Қанша жылап, налысан,
Сонда да ерікке коймайды.
Алғысы келсе, дүниенін
Айтканына болмайды.
Ойласаншы, Мағышым,
Кімнін гүлі солмайды?
Артын тіле құдайдан,
Бір калыпты тұрмайды.
Үсті-үстіне бастаса,
Сонда пенде онбайды.

¹ Рәсүл (арабша) – Алланың пенделеріне жіберген елшісі. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбарды айтады.

Жылама, Мағыш, жылама,
Алладан өлім тілеме!
Колдан ұшкан ақ сұнқар
Қайтып келіп қонбайды.
Бір шешеден туғанда,
Бәрінен кетті тәуірім.
Көтермеске амал жок,
Көрдім дүние ауырын.
Аясаншы, апирмау,
Әке, шеше, бауырын!
Бойды женіп, токтау қып,
Сұрасаншы ақырын!
Токтамады, тұрмады,
Кетті ортадан асылым.
Тәқаппар, зор көкіректі
Көтере алмай басылдым.
Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым?
Ойламадым туғанды,
Бір өзіңе бас ұрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыңа қараң аһ ұрдым.
Ойламадым еш жанды,
Өзіне ердім онаша.
Рахаттанып, мактанып,
Қылушки едім тамаша.
Шыны сорлы мен-дағы,
Магыш байқап караса.



АБАЙ

(*ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫГАРЫП
БЕРГЕН ЖОҚТАУ*)

Айналайын, құдай-ау,
Қапалық салдың жасымнан.
Шешенін зарын тарттырдын
Бес жасымда басымнан.
Сөйлемей пендे шыдамас
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалыкты асырған.
Жарымды алып, кор қылдын
Жас өмірде тасынған.
Айрып, от қып өртедін,
Әбіш сынылы асылдан.
Әбішті алып құл қылдын,
Қызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қып,
Өткізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан.
Жарық сәуле көрмедім
Шыққалы ана қарнынан.
Күйік күшті түскен сон,
Кетеді екен сабырлан.
Қызықты құнім қалмады
Жылаған айтып зарымнан.
Көре алмай зар бол айрылдым
Құдай косқан жарымнан.
Өзгеше болып жаралған,
Таныған жан қалпынан.
Тілеуді кесіп құдайым,
Зарлатып койлы артынан.

Құдай салды жүрекке
Жалғанда бітпес жараны.
Көре алмай кор бол қалған сон,
Кете ме іштен арманы?
Сәулемді құдай алған сон,

Қалиң елім, қазағым...

Сарнамаска шара не?
Кез келтірді құдайым
Құтылмас маган дараны.
Калкамды алып, құдайым,
Басыма салдың қараны,
Өзі түгіл көрмедім,
Ізі жок баскан табаны.
Күйдіріп, құдай алмады,
Пенденін құрыр амалы.

Қылығына жете алман,
Каншалық тілмен айтқанмен.
Басына құдай беріпті
Өлшеусіз қылып ақылын.

Сабыр мен талап беріпті,
Ақылың, рахымын киын-ды.
Откен күнгі қызығым
Үйыктап көрген түстен кем.
Каранғы түнде капалық
Жүректі басты, шықпас күн.
Колдан келген қайратым –
Барымды айтып шықкан үн.
Көнілімнің күні өшкен сон,
Қайғылы кара болар түн.

Жыламай пенде шыдамас,
Карағымды алған сон.
Сағынып көрген қызықты
Көре алмай зарлап қалған сон.
Ашпадың, алла, қабакты,
Қылмадың қабыл тілекті.
Өле алмай шыдап отырмын
Зор құдайым салған сон.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,
Қызықты күннің шетіне.
Өшірмек алла болған сон,
Пенденің қоймас еркіне.
Өлмектен баска дауа жок
Алланың салған дертіне.

Құтылмас құл жол таппас
Иенің салған өртіне.

Жалтыр құздан құладым,
Қолымнан кетіп сүйеніш.
Көнілімнің күні өшкен сон,
Жалғанда болмас жұбаныш.
Өмірді қылдың, құдайым,
Кызығы жок қүйініш.
Үмітсіз өмір бітірді
Жүрекке мұз боп ерімес.

Өзгеше болып жаралған
Айырылдым қалқам – жарымнан.
Сол қалқамды коймаған
Замана неткен тар еді?
Жасымнан өтті демегін,
Күн шыккандаі қаранғы
Кешегі түннің жарығы.

Сабыр қылып шыдарға,
Кайғы оты асты қүшімнен.
Қызықты күнім қалмады
Әбінші көрген түсімнен.
Сағыныш зарын білдірмей
Жүруші едім ішімнен.
Қылығың, қалқам, кетер ме
Жалғанда менің ойымнан?

Сағынсан да алыстан,
Жүруші ем күнше жылынып.
Қызықтын занғар басынан
Корлықка кеттім жығылып.
Құдай коскан косактан
Жалғанда қалдым жырылып.
Кайғында қалдым камалып,
Қызығым кетті сырлылып.

Көре алмай қалдым қалкамның
Дәл екі жыл қызығын.
Жүректегі жазылмай,

Қалиң елім, қазағым...

Тағдырдын салдың сыйығын.
Әмірдің, алла, беріпсің
Күнде өртерлік шыжығын.
Баяны жоқ, байлаусыз,
Тілекте жоқ бұзығын.

Сағынсам да үміт бар,
Болушы еді қуаныш.
Калкамнан қалдым қарс ұрып,
Кайткенде болар жұбаныш?
Алла берген арманға
Аһ ұрсам болмас алданыш.
Сабыр, тағат қылуға,
Коймады күйік бойыма ес.
Әбіш сынды жарымнан,
Айырылған соң барымнан,
Жалғанда болмас жұбаныш!



(НЕМЕРЕ ІНІСІ ӨЛГЕНДЕ АЙТКАНЫ)

Көз жұмғанша дүниеден
Иманын айтып кеткені-ай!
«Бейсенбі ме бұғін?» деп,
Жұмаға қарсы өткені-ай!
Жер күніреніп, жұрт шулап,
Ағайын түгел жеткені-ай!
Жамиғат тонбай, күн жылып,
Тәнірім ракым еткені-ай!
Ием кабыл алды-ау деп,
Көніліме қуат біткені-ай!
Қуаттанып баксам да,
Құнәлі нәпсім түйтпеді-ай¹.
Ата тегін мұндағы –
Орта жұздін ұлығы;
Ана тегін ондағы –
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан косылған
Сом алтынның сынығы.
Өлгенше естен калмайды
Өзгеше біткен қылығы.
Қызыл балак қыранның
Балапаның дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырығаның өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн коймай, ерте алды.
Көп жасамай, көк орган,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орган,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі калдырмай,
Бауыры катты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маныздым.
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздын.

¹ Төзімі жетпеді, шыдамады.

* * *

Махаббат, достык қылуға
Кім де болса тен емес.
Казір дайын тұруға –
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көнілім ойлайды
Жаннын бәрі – катыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Енбекке аз күн татымас.



Малға достын мұны жок малдан басқа,
Аларында шара жок алдамаска.
Табысына табынып, қалтан қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жияды мактандын білдірмекке,
Көзге шүкіп, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, акпейіл деп
Мактамайды ешкімді бүл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, бок ішінде,
Алтын алсан, береді боғынан жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсан зерек.
Енбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ак нәрсе – адамның қасиеті:
Ыстық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.



Тұғызған ата-ана жок,
Тұғызарлық бала жок.
Түйсқан-туған, күрбылас
Қызығымен және жок.

Тулайын десе шара жок,
Толықсып жүрер шама жок.
Үйкі мен астан дәм кетіл,
Сақалда, шашта қара жок.

Байбайшыл тартып, баға жок.
Жастарға жаппас жала жок.
Жат қораны күзеткен
Картан шалда сана жок.



* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын кияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамка, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр сонында.

Деген сөз: «Бұка буға, азбан дуға»,
Хан қарық боп, түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терен суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті?

Көрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке қонер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен катын емес.

Есерлер жас катынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың маҳабbat жок,
Тұсан койып қашырап бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жанғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудін қызын алтып малға сатып,
Баяғыны іздеғен қандай құрғыр?

Катынның қалай демес аксакал бай,
Сонымен дос бол жүрсің, япым-ай!
Қу қатынның майысса, мәз боласын,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Картан бай, катты сак бол, тілге қенсен,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсен.

Қалың елім, қазағым...

Тіпті онбассын, өзіне өзін мәз боп,
Дастаркан мен қатынды мактан көрсөн.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көнілі жылымас, ол өзіне аз,
Біреуі – көк балдырган, бірі – курай,
Бір жерге косыла ма қыс пенен жаз?

Үнем болмас күйрыкты бұландаған,
Сауырына шапактап, сүйіп жатқан.
Екі көніл арасы – жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол ант аткан?



* * *

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә¹ өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінін өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жок қайта келмек.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянак жок, тұрлау жок, келді, кетті.
Қайта айналмас, бұрылmas бұлдыр заман.

Откен өмір белгісі – осы сыйбыр,
Көнілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылышынды,
Қу шыққансып қағасын босқа бұлдыр.

Күн жиылып ай болды, он екі ай – жыл,
Жыл жиылып, картайтып қылғаны – бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жок бір тәнірім, кеншілік қыл.

¹ Һәмишә (парсыша) – ылғи, үнемі.

Калың елім, қазажым...

* * *

Көніл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауган шакта.
Салған ән – көленкесі сол көніллін,
Тактысына¹ билесін ол құлакқа.

Шырқап, калқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләzzәті бәрі сонда,
Ойсыз құлак ала алмас ондай сыйды.

Үйыктап жаткан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұн, дертін козғап,
Жас балаша көнілді жаксы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық.
Мұнмен шықкан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек кайда бар козғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ачы,
«Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап, таусар қанғыр-күнгір
Сол жеріне ойынмен араласшы.

Әннің де естің бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда, көнілдің есері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеммен білдірдім әннің жайын.
Ездін басы қанғырсын, ердің көнілі
Жанғырсын деп ойладым айткан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті түрар дайын.

¹Такт (орысша) – бұл жерде өлеңнің ыргағы ретінде алынып отыр.

АБАЙ

Өмірдін алды – ыстық, арты – сұық,
Алды – ойын, арт жағы мұнға жуық.
Жаксы әнді тыңдасан ой көзінмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ак ән көрінер,
Жаксы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасан, жанын еріп,
Жабырқаған көнілің көтерілер.



* * *

Адамның кейбір кездері
Көнілде алан басылса;
Тәнірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырлап өнкей келісім
Тас бұлактың суындаі,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас өсте жуынбай.

Тәнірінің күні жарқырап,
Үйқыдан көніл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда акын белін буынып,
Алды-артына каранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұн мен зарды колға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жакынға
Солардың сөйле дегенін.

Ұзалы жүрек, долы кол,
Улы сия, аңы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсендер, өзін біл.



АБАЙ

* * *

Көк ала бүлт сөгіліп,
Күн жауады кей шакта.
Өне бойын егіліп,
Жас ағады аулакта.

Жауған күнмен жанғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Ақкан жаска қанғырып,
Бас ауырып, іш жанар.



РАХЫМШАЛГА

Сұлу аттын көркі – жал,
Адамзаттын көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәulet – қызық, бала – бал.

Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Раҳымшал?!
Бүйтіп берген балаңды
Берген құдай, өзін ал!



ҚАТЫНЫ МЕН МАСАҚБАЙ

— Сырмак қып астына
Байының токымын,
Отынын басына
Төрінің қокымын
Бұксітіп,
Бықсытып,
Қоксытып келтірді.
Осынын бәрімен
Көнілінде міні жок,
Жүзінің нәрі мен
Бойынын сыны жок.
Бұкшіп,
Сексіп,
Тұксіп өлтірді.

— Күлкі боп көргенге,
Құбыға кадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамас, сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Тұк коймай бокталы.
Сөзінің жөні жок,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жок —
Қамшы мен жұдырық.
Барқылдаپ,
Тарқылдаپ,
Салпылдаپ тоқталы.



ҚҮЙІСБАЙГА

Дұғай сәлем жазамын Қүйісбайға,
Бермек болған айғырдың көзі қайда?
Көзді көрсөн – бересін, тайсан – танып,
Алдамышы атанғанның несі пайда?



ДҮЙСЕНҚҰЛҒА

Саудайы-ай¹, сауды алмадың-ау, сырқауды алып,
Бір пәлеге жолыктын шырқау барып.
Ала жаздай көгалды бір көрмедің,
Сары жұртқа кондың ба ірге аударып?

¹Саудайы-ай, саудаяй (парсыша) – мәжнүн, меніреу, ғашыктықтан мәжнүн болу.

РАЗАҚҚА

Мына үйде отыр Разак,
Елдің жөнін айтар ма,
Шакырып алып сұрасақ.
Үлкен қожа — ортан қол,
Өзгелері — аты жоқ пenen шынашак.

Сонда Абайдын немересі Әубәкір: « Омархан ағам ше? », – дегенде:

Оны дағы байкармыз,
Біраз ғана сынасак.



* * *

Көк тұман – алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жок, сурет те жок, көзім талған.

Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырmas.
Сонын бірі – арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыры жок әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырактар, ынталарын «менікінде»,
Тән күмарын іздейсін күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасын кабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылышынды,
Ылайла ылай оймен тұнышынды,
Сонда өмірден алдамшы бола алмассын,
Ол білдірмей үрламақ қызығынды.

Адам ғапыл¹ дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннін бәрі оныкі.
Тән калып, мал да калып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?

Мазлұмға² жаңың ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын өуелден тәнірі ойлаган,
Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін.

¹Ғапыл (арабша) – қапы калу, байкамау.

²Мазлұм (арабша) – зұлымдыққа үшыраган адам.

Қалиң слім, қазағым...

Көптін бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит женіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәләт¹ пен мархамат² – көп азығы,
Қайда көрсөн, болып бак соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы теренінде.

¹Ғадәләт (арабша) – әділет, шындық.

²Мархамат (арабша) – ракым, жаксылық, жанашырлық.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мактап,
Әуре етеді ішіне құлық сактап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар
Енбегін мен ақылың екі жақтап.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мактанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзінді коса алдасып,
Салпылдан сағым күған бойына еп пе?

Қайғы келсе карсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, онғакқа ерме.
Жүрегіне сұнгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.



* * *

Алла деген сөз женіл,
Аллаға ауыз кол емес.
Ынталы жүрек, шын көніл,
Өзгесі хакқа жол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махабbat қылса тәнірі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағрипқа¹ тілім қысқа ах!
Барлығына шұбасіз,
Неге мәужүт² ол куа.

Ақыл мен хауас³ барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мұтәкәллимін⁴, мантикин⁵
Бекер босқа езедүр.

¹Тағрип, тағриф (арабша) – түсіну, білу, анықтау.

²Мәужүт (арабша) – бар нәрсе, болмыс.

³Хаяс (арабша) – ерекше қасиетті, сипат, сана. түр. Бұл жерде сезім мүшелері магынасында.

⁴Мұтәкәллимін (арабша) – сөйлеушілер. Бұл жерде лінгві дәлелдеушілер.

⁵Мантикин (арабша) – сөйлеушілер. Бұл жерде терек ой, кисынды сөз.

Күр айкай бакырған
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?

Өңкей надан антүрған,
Қанша айтса, жан ба екен?
Бос жүріп күр қалған
Өміріне кән бе екен?



Калиң елім, қазағым...

* * *

Мен сәлем жазамын
Карағым калкана.
Кайғыннан азамын,
Баруши айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарын.
Кайғырмай не етемін,
Бізде жок назарын.

Көнілге жұбаныш,
Сен едін базарым.
Сенсіз жок қуаныш,
Тозды енді ажарым.



АБАЙ

* * *

Соры қалын сокқы жеген пышанамыз,
Қайтіп суып, жалғаннан күсе аламыз.
Күр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.



(ФАБИДОЛЛАҒА)

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,
Кайдан білсін өмірдің көбін-азын.
Бәйтеректі қүндейді жетемін деп,
Жылы қүнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген сон тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Кол жетпеске кол созар бар ма ылажын?
«Боламынмен» жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым.



АБАЙ

Күлактан кіріп, бойды алар
Жаксы ән мен тәтті күй.
Көнілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсен, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді-өзім ұмытып.
Көнілім әнді ұғады,
Жүргегім бойды жылтып.

Ансаған шөлде су тапса,
Бас коймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я какса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жокты бар ғып жүргізер.

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыйырды.
Ескі ойға көнілім толалы,
Тірілтіп өткен құрғырды...

Ішіп, терен бойлаймын
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жүрттын жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Құнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?



Қалиң елім, қазағым...

* * *

Ерекіш естен кетпес қызық қайда?
Жолыгатын қыз қайда терен сайда?
Сұлулығын кояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсөн үлгілі жаксы атакпен.
Арттағыға сөзін мен ісін қалса,
Өлсөн де, өлмегенмен боласын тен.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жаксылыкты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да —
Бәрінің де қызығын көріп білсек.



* * *

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дауын мен шарынды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасын мен кәрінді.
Жоктамай, ұмыттым
Ақыл мен нәрінді.

Ортаға көп салдым
Өзімде барымды.
Япырым-ау, неңді алдым,
Сау коймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
Қозғадын тамырды.
Көнілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Ойым да ак, жарым да ак,
Кенімді, тарымды
Карасам пайымдап,
Сөзін сол сарынды.

Өсекке салмандар
Ойымды, жарымды.
Өлшеуге алмандар,
Ойым бек тарылды.

Ұрыннан асырдын
Сүм тілді карынды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.



* * *

Куаты оттай бұрқырап,
Үәзінгे¹ өлшеп тізілген.
Жанбырлы жайдай сырқырап,
Көк бүлттан үзілген.
Кайран тіл, кайран сөз –
Наданға калірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ак бакты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, кайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойына жүқпас, сырғана.
Ыңталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде күр қалар.

¹Уәзін (арабша) – өлшеуіш.

Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсін бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісін бар ма?!

Дәмі қайтиас, бұзылmas тәтті бар ма?
Бір бес күннін орны жоқ алтығарға.
Кай қызығы татиды қу өмірдін
Татуды араз, жакынды жат қыларға?

Ет жүрексіз ерніннін айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінін қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шыннын жүзін.



Қалиң елім, қазағым...

Өлсем, орным кара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір үялшак қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен¹ майдандаскан
Қайран менің жүргегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып, артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап кара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Каны кара бір жанмын, жаны жара.

Жүргегіннің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соктықпалы, сокпаксызы жерде өстім.
Мынмен жалғыз алыстым, кінә койма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырак,
Айлаға, ашуға да жактым шырак.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірак.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт кор етті,
Сен есірке, тыныш үйықтат, бак сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртка жаяр,
Сырымды токтатайын айта бермей.

¹Ғадауат (арабша) – дүшпандық, ашу, жек көру.

Жүректе қайрат болмаса,
Үйықтаған ойды кім тұртпек?
Ақылға сәуле конбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,
Теренге бармас, үстірттер.
Қартынның ойы шар тарткан
Әдеті женіл күнгірттер.

Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсөң бер десе,
Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сөн,
Теренге бет коймаса?

Атымды адам қойған сон,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған сон,
Қайда барып онайын?!



ЖАМАНБАЛАНЫҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ

Белгілі сөз: «өлді, өлді»,
Белгісіз онын мекені.
Не халатка¹ өүрілді²,
Кайда, кандай екені.

¹Халат (арабша) – хал-жай, жагдай. Бұл арада не халте, нендей күйге ұшырады деген мағынада.

²Әүріллі (парсыша) – ел-жұрттынан айырылып, шет жерде қанғып жүруші. Бұл арада кай жакка кетті деген мағынада.

АБАЙ

* * *

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсен, жеткізбес.



Калиң елім, қазағым...

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап калған кеудемде туладай алмай.
Кейде ыстық кан басып кетеді оны,
Дөнбекшіген тұндерде тыншыға алмай.

Каранды санырау қайғы ойды женген,
Еркелік пен достыкты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тагы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндел.
Кейде тілеп бак пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздел.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерптін бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан үрлап,
Кетірер деп мазактап беттін арын.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дерптін тығып ішке, білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да кан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.



* * *

Жүргім, нені сезесін,
Сенен басқа жан жок па?
Дүниені, көnlім, кезесін,
Тиянак жок па, кой, токта!

Сезгенінді сездіріп,
Жете алмадын ортакқа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасын кай жакқа?

Ортактық, тыныштық достық кой,
Онын қадірін кім білер?
Әркімге-ак тілек костық кой,
Бәрі – алдамышы саудагер.

Халықтың аты керек кой
Я мактауға, боктауға.
Құбылға бәрі зерек кой,
Бәрі жайсыз токтауға.

Досты кайдан табасын,
Кенесерге адам жок.
Әрлі-берлі шабасын,
Жалғыздықтан жаман жок.

Ақыл айтсан біреуге
Ішін еріп, егіліп,
Ұялмас акы тілеуге,
Бермесен қалар түніліп.

Акы беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан тәнірі атқан
Ондырар ма, онар ма?

Күйесін, жүрек, күйесін,
Күйгенінен не пайда?
Дүниеде нені сүйесін,
Өмір кайда, дос кайда?

* * *

Көленке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Кекжиектен асырса;

Күнгірт көнілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуакка,
Төмен карап мұндасар,
Ой жіберіп әр жакка.

Откен өмір – қу сокпак,
Кызырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпак
Салды, соны санайды.

Нені тапсан, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адаскан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой
Өкінді, жолын бескінді,
Әуре болма, оны кой.

Ермен шықты, ит қылыш,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд¹ қылыш,
Тыныш өлсенші тегінде.

¹Уерд (арабша) – жай жүрген адамды қыншылдықка ұшырату.

Қуанбандар жастықка,
Елірме құлкі, мастықка.
Көзін қайдан жетеді
Достық пенен кастықка?
Құрбынның қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тынды
Сал да сакта капшықка.
Колдағынды корғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Данғойланып кактықпа.
Бет алды жанға бой салма,
Корлық жүрмес сактықка.
Елу бесте біз дағы
Сенісер адам таптық па?
Арсыз құмар болғандар
Опыр-топыр, шак-шүкка
Түспей жүр ме, көрдін бе,
Жалан-жұлан, так-тұқка?



* * *

Ұяламын дегені көніл үшін
Ұсақ құлық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жок, қастық та жок,
Жігері жок, манызы женіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жана сүйгіш адамзат, көрсекізар.
Ар мен үят ойланбай, тән асырап,
Ертені жок, бүгінге болған күмар.

Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты.
Сол себепті досыннан дүшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Өзін ұлken, кылышын – бала-шаға,
Балаша мәз боп жүрсін тамашаға.
Әкесі ұрысса балага, ол да – достық,
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?



Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Киял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қагып, көнілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күп.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген тұс,
Ойға түйме, қызыкты киялдан күс.
Караши, өз бойында түгел ме екен
Ыстық жүрек, өн-шырай, қуат пен күш?

Төнкеріліп күбылған жұрт – бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптін аузын күзетсен күн көрмейсін,
Өзінді өзін күзет, кел, шырағым!



* * *

Осы кымыз казакка
Мактанаң ба, асың ба?
Кымызды басар артынан
Ет даяр ма касында?
Бойына сініп, уерд болған
Қызбабастық жасында.
Қызылшыл семіз, жаз кымыз –
Бір үлкен борыш басында.
Жуасты мін де, айран іш,
Жок немеге шатылма.
Үры, залым, қуларға
Нысанаға шаншылма.
Жылқыны андып үры жұр
Әр төбенін тасында.
Ой көзімен қарасан,
Койдан жылқы асыл ма?
Мактанға бола жиям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас үрма.
Кымыз, семіз дегенің
Бір мактанғой, жасырма.
Мактан қума, керек ку,
Ойсыздарға косылма.
Койында акша, колда кой
Күзетке онай, шошынба!



АБАЙ

* * *

Буынсыз тілін,
Буулы сөзін
Эсерлі алам үғылтына.
Кісінін сөзін
Үккыш-ақ өзін,
Кисығын түゼп тұғырыға.

Сезімпаз көніл
Жылы жүрек
Таппадым деп түнілмес.
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес.



Калың елім, қазажым..

* * *

Тоты күс түсті көбелек
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмак, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.

Адамзатка не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет кылмақ, жұғірмек,
Акылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.



* * *

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуакытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті¹
Алланы танытуға сөз айырмас¹.

Аманту² оқымаған кісі бар ма?
Үәктубини³ дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге сөзді үғарға.

Замана, шаруа, міnez күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби⁴ келді.
Қағида⁵ шариғаты өзгерсе де,
Тағриф⁶ алла еш жерде өзгермеді.

Құллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес,
Әhlі кітап⁷ бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпісі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай, тұзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хак жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқик⁸ біл.

¹Ерекше айтап отырган төрт кітабы: Мұса пайғамбарға келген – Тәурат, Дәүәт пайғамбарға келген – Зәбүр, Иса пайғамбарға келген – Інжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген – Құран.

²Аманту, аманту билләни (арабша) – Аллаға сенім, барлығына және бірлігіне (жадызығына) наңым.

³Үәктубини (арабша) – және кітаптарына сенім. Бұл арада иманның жеті шартының екеуі келтірілген.

⁴Нәби (арабша) – пайғамбар.

⁵Қағида, қағидә (арабша) – негізгі шарт, ереже мағынасында.

⁶Тағриф, тәгріф (арабша) – түсіну, белу, анықтау.

⁷Әhlі кітап (арабша) – касиетті кітаптың ішінде аты аталған адамдар (мұсылмандар, еврейлер, христиандар, т. б.)

⁸Тәхқик (арабша) – анық, айқын; орындау, іске асыру. Бір мәселениң дүрыс-тығын тексеріп, шындығына көз жеткізу деген мағынала.

Ойлан дағы, үшеуін таратып бак,
Басты байла жолына, малың тұғіл.

Дін де осы, шын ойласан, тағат¹ та осы,
Екі дүние бұл тасдик² – хактың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мактан, әуескөй – онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жаксы болсан, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, сонғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Караши, дене біткен ретімен.
Істін басы – ретін танымактық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.

Имамдар ғибадаттан³ сөз козғаған,
Хуснізән⁴ мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші онбаған.

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хак,
Мұ'мин⁵ болсан, үйреніп, сен де ұксап бак.
Құран рас, алланың сөзідүр ол,
Тә'үилін⁶ білерлік ғылымың шак.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтымайды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мактан, әуескөй – шайтан ісі,
Көні біздін нәпсіні тыйғанымыз?

Мұ'мин болсан, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол,

¹ Тағат (арабша) – Аллаға ғибадат қылу, бойұсыну.

² Тасдик (арабша) – шынық, сенім.

³ Ғибадат (арабша) – табыну, құлдық ету.

⁴ Хуснізән (парсыша) – жақсы ниет, көркем ой, жақсы пікір.

⁵ Мұ'мин (арабша) – ислам дінін жақтаушы, мұсылман.

⁶ Тә'үил (арабша) – анық мағынасына жете білу.

Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафик¹ намаз қылмап па, мәглүм ғой ол.

Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мұ'мин болсан,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

¹Мұнафик (арабша) – екі жүзді, іші көпір, сырты мұсылман.

* * *

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, кастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – құзетшісі.
Ар мен ұят сенбесе, өзге қылық
Арын, алқын – бұл құннің мәртебесі.

Картан тартқан адамнан от азаймак,
От азайса, әр істін бәрі тайғак.
Шаруан үшін көрінген ақыл айтып,
Жолын тайғак, аяғын тартар маймак.



АБАЙ

* * *

Жалын мен оттан жарапып,
Жаркылдап Рағит¹ жайды айдар.
Жанбыры жерге тараңып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс, сор қайнар.
Қуаты күшті нұрлы сөз,
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жарапған
Сөзді ұғатын қайсын бар?
Партия жиып, пара алған,
Пейілі кедей байсындар.

Кулық пенен күбылдан
Жалыксан, жаксы жансындар.
Тұзелмесе шұғылдан,
Арсылдар да қалшылдар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өншен қырт,
Бас қанғырт!

¹Дін ұғымында нажағай ойнатып, күн күркіретуші періштенін аты.

Калиң елім, қазағым...

* * *

Домбыраға кол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көнілім қайдағы
Бұрынғымды жанғырттар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қанғырттар.

Онан да жылы жүзінмен
Кел, жарым, кара бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт
Іштегі қайғы-дертіме.

Іштегі ескі жалынды
Сөндір жана қылышпен.
Сөйлесші жаксы, жағымды
Мендей көнілі сыйыкпен.

Сыйык көнілім көп кешер,
Майда колмен ұстасан.
Көнілгे түрлі ой түсер,
Әр теренге нұскасан.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажыды көнілім көп шауып.
Көп қинамай әрнеге,
Енди семірт, жем тауып.



Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді колға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жакпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жұрегімді байкасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәнірім салған наз емес.

Осынша акымак болғаным,
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректін
Әділеттің бұзыптын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін.
Жалмауыздай жалаңдал,
Ар, ұяттан күсіппін.
Кулық пенен сүмдышкка
Құладындаі ұшыптын;
«Сіз білесіз» дегенге
Күнгө күйіп, пісіппін;
Мактанбаска мактанып,
Деп жүріппін «нысықын».



Калиң елім, қазажым...

* * *

Мен боламын демендер,
Аякты алшаң басқанға.
Екі көзін аларып,
Күр карайсын аспанға.

Бір ғылымнан басқанын
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ак тосканға.



МАЗМУНЫ

«Сап, сап, көнілім, сап, көнілім»	5
«Кансонарда бүркітші шыгады анға»	7
«Қактаған ак күмістей кен мандайлы»	9
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»	10
«Картайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»	11
«Картайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман»	13
«Қыран бүркіт не алмайды, салса бантап»	15
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртый»	16
«Байлар жүр жиған малын корғалатып»	17
«Көнілім қайтты достан да, дүшинаңнан да»	18
«Аласканын алды – жөн, арты – сокпак»	20
«Бір дәурен кемді қүнге – бозбалалық»	21
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»	23
«Патша құдай, сиындым»	27
«Базарга, қарап тұрсам, әркім баар»	28
«Интернатта оқып жүр»	29
«Ғылым таптай мактанба»	31
«Шокпардай кекілі бар, қамыс құлак»	33
Жаз	34
(Көкбайға)	36
(Көжекбайға)	37
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»	38
«Сабырсыз, арсыз, еріншек»	40
«Бөтен елде бар болса»	43
«Өлең – сөздін патшасы, сөз сарасы»	48
«Біреудін кісісі өлсе, каралы ол»	50
Күз	52
«Караша, желтоксан мен сол бір-екі ай»	53
Кыс	55
(Құлембайға)	56
(Көкбайға)	57
«Желсіз тұнде жарық ай»	58
«Ішім өлген, сыртым сау»	59

Қалың елім, қазағым...

«Болыс болдым, мінеки»	60
«Біреуден біреу артылса»	64
«Мәз болады болысың»	65
«Білімдіден шыккан сөз»	67
Серіз аяқ	68
«Сәулен болса кеуденде»	74
«Мен жазбаймын өленді ермек үшін»	76
«Әуелде бір сұық мұз – ақыл зерек»	77
«Ғашықтық күмарлық пен – ол екі жол»	78
«Кор болды жаным»	79
«Сен мені не етесін?»	80
Жігіт сөзі	83
Кыз сөзі	85
«Білектей аркасында өрген бұрым»	87
«Кажымас дос халықта жок»	88
«Жастықтың оты, қайдасың»	89
«Жарқ етпес кара көnlіm не кылса да»	90
«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да»	91
Кара катынға	92
«Бай сейілді»	93
«Ем таба алмай»	95
«Келдік талай жерге енді»	96
«Өзгеге, көnlіm, тоярысын»	98
«Кейде есер көnlіl күрғырың»	99
Жазғытұры	100
«Аска, тойға баратұғын»	103
«Ата-анаға көз куаныш»	105
«Тайға міндік»	107
«Заманакыр жастары»	109
«Көзінен басқа ойы жоқ»	110
«Жастықтың оты жалындар»	111
«Қызырып, сұрланып»	113
Көзімнің карасы	115
«Менсінбеуші ем наданды»	118
«Не іздейсін, көnlіm, не іздейсін?»	120
«Жүрегім, ойбай, сокпа енді»	121
«Қайғы шыгар ілімнен»	122
Оспанға	124
«Кешегі Оспан»	125
«Құлімсіреп аспан түр»	126
«Сұрғылт тұман дым бұркіп»	127

АБАЙ

«Ысыткан, сүйткан»	128
«Бойы бұлғаң»	129
«Жаксылық ұзак тұрмайды»	131
(Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан)	132
(И. В. Гете – М. Ю. Лермонтовтан)	133
(М. Ю. Лермонтовтан)	134
«Антпенен таркайды»	136
«Карашида өмір тұр»	138
«Жасөспірім замандас қапа қылды»	139
«Ғашықтын тілі – тілсіз тіл»	140
«Әсемпаз болма әрнеге»	141
Ескілік киімі	142
(Әбдірахман наукастасып жатқанда)	143
(Әбдірахманға)	145
(Әбдірахманға Қекітай атынан хат)	146
(Әбдірахманға Қекітай атынан хат)	148
Қыздарға	149
«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»	150
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»	151
«Балалық өлді, білдін бе?»	152
«Лай суға май бітпес кой өткенге»	153
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	154
(Әбдірахман өлгенде)	155
«Кешегі өткен ер Әбіш»	156
(Әбдірахман өлгенде)	157
Әбдірахман өліміне	158
Әбдірахман өліміне	160
(Әбдірахманға)	161
(Әбдірахман өлген сон өзіне айтқан жұбатуы)	162
(Әбдірахманның әйслі Мағышка Абайдын айтқан жұбатуы)	164
(Әбдірахманның әйелі Мағышка Абай шығарып берген жоктау)	166
(Немере інісі өлгенде айтканы)	170
«Махаббат, достық қылуға»	171
«Малға достың мұны жок малдан басқа»	172
«Тұғызған ата-ана жок»	173
«Бір сұлу қызы тұрыпты хан колында»	174
«Сагаттың шықылдағы емес ермек»	176
«Көніл құсы құйқылжыр шартарарапқа»	177
«Адамның кейбір кездері»	179
«Көк ала бұлт сөгіліп»	180

Калиң елім, қазағым...

Рахымшалға	181
Катыны мен Масакбай	182
Құйісбайға	183
Дүйсенқұлға	184
Разакка	185
«Көк тұман – алдындағы келер заман»	186
«Сенбе жұртқа, тұrsa да қанша мактап»	188
«Алла деген сөз женіл»	189
«Құр айқай бакырған»	190
«Мен сәлем жазамын»	191
«Соры қалын соккы жеген пышанамыз»	192
(Ғабидоллаға)	193
«Құлактан кіріп, бойды алар»	194
«Ерекше естен кетпес қызық кайда?»	195
«Болды да партия»	196
«Қуаты оттай бұрқыран»	197
«Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма?»	198
«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?»	199
«Жүректе қайрат болмаса»	200
Жаманбаланың баласы өлгендे	201
«Құн артынан құн туар»	202
«Ауру жүрек акырын соғады жай»	203
«Жүргім, нені сезесін»	204
«Қөленке басын ұзартып»	205
«Куанбаңдар жастықка»	206
«Ұяламың дегені көніл үшін»	207
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»	208
«Осы қымыз қазакка»	209
«Буынсыз тілін»	210
«Тоты күс түсті көбелек»	211
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	212
«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас»	215
«Жалын мен оттан жаралып»	216
«Домбыраға қол сокпа»	217
«Ойга түстім, толғандым»	218
«Мен боламың демендер»	219

Әдеби-көркем басылым

АБАЙ

Қалың елім, қазағым...

Өлеңдер

Бас редакторы *Әділхан Пірманов*

Редакторы *Кайрат Лұқпанұлы*

Көркемлеуші редакторы *Мориям Әлімақанова*

Техникалық редакторы *Гүлнағис Әзімқұлова*

Корректоры *Үмітхан Бахова*

ИБ № 956


Теруге 11.03.2002 берілді. Басуға 14.08.2002 кол койылды. Пішімі 84x108 1/32

Есептік баспа табағы 7,57. Шартты баспа табағы 11,76. Тарапалмы 10 000.

Тапсырыс 30941.

«Атамұра» баспасы, 050000 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Казакстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграф-
комбинаты, 050002, Алматы қаласы, Макатаев көшесі, 41.



Абай - қазақ халқының
ұлы ақыны, философ,
аудармашы.

1845 жылы туған.

1904 жылы қайтыс болған.

1909 жылы Санкт-Петербург
қаласында тұнғыш рет
тандамалы өлең жинағы жарық
көрді. Содан бері ақынның
өлеңдері мен қара сөздері
кітап болып басылып келеді.

А. Пушкин, М. Лермонтов,

И. Крылов, Гетеңің

шығармаларын аударған.

